Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ, ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ:

ҚАЗІРГІ ТАҢДА ӘРТҮРЛІ ШТАМДАР ПАЙДА БОЛЫП, КЕСЕЛМЕН КҮРЕС ҚИЫНДАЙ ТҮСТІ. ӨКІНІШКЕ ҚАРАЙ, ҚАУІПТІ ДЕРТТІҢ КЕСІРІНЕН ҰЛТҚА БЕРЕРІ КӨП ТАНЫМАЛ ТҰЛҒАЛАРДАН ДА АЙЫРЫЛЫП ҚАЛЫП ЖАТЫРМЫЗ. БҰЛ – БҮКІЛ ЕЛІМІЗ ҮШІН ОРНЫ ТОЛМАС ҚАЙҒЫ. МЕМЛЕКЕТ ҮШІН ӘР АДАМНЫҢ ӨМІРІ ҚЫМБАТ. СОНДЫҚТАН БАРША ЖҰРТТЫ ЖАУАПКЕРШІЛІК ТАНЫТУҒА, САҚ БОЛУҒА ШАҚЫРАМЫН.

№47 (4171)
Сенбі
24 сәуір
2021 жыл

ASTANA AQSHAMY

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ

ЕКІ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ САЯБАҚ САЛЫНАДЫ

4-БЕТ | ҚАЛА МЕН САЛА

ШАҒЫН БИЗНЕС ШАҢ ҚАУЫП ҚАЛМАСЫН

6-БЕТ | САРАПТАМА

ЖІГЕРІМЕН ШЫҢҒА ШЫҚҚАН...

12-БЕТ | СПОРТ



ЭЛЕКТРОНДЫ ҰБТ: ДАЙЫНСЫҢ БА, ТАЛАПКЕР?

Биыл елімізде тұңғыш рет Ұлттық бірыңғай тестілеу электронды форматта өткізіледі. Қазақстан бойынша компьютермен, камерамен, интернетпен толықтай жасақталған 51 тестілеу орталығы ашылды. Қазір ҰБТ-ға өтініштер қабылданып жатыр, 25 сәуірден бастап елдегі пандемиялық жағдай тұрақты болса тестілеу басталады. ҰБТ 3 ай өткізіледі, әр оқушыға 2 рет тапсыруға мүмкіндік қарастырылған.

5

ІРІ САУДА ОРТАЛЫҚТАРЫНДА – ЕКПЕ ОРНЫ

Нұр-Сұлтан қаласындағы «Keruen» мен «Әбу-Даби Плаза» сауда орталықтарында COVID-19-ға қарсы вакцинация пункттері ашылды.

Екі апта бұрын СОО жанындағы алғашқы егу пункті «Mega Silk way»-да ашылған болатын. Ал 19 сәуірден бастап «Хан Шатыр» СОО-да вакцина қабылдау мүмкіндігі жасалды.

«Сауда-ойын сауық орталықтарында вакцинациялау жұмысын ұйымдастыру жақсы тәжірибе көрсетіп отыр. Осы арқылы қала тұрғындарын қамту көрсеткіші артып келеді. Алғашқы уақытта тұрғындар вакцинациядан үрейленсе, қазір жағдай керісінше, жұрт вакцинацияланғандардың қатарын белсенді түрде толықтыруда. Мысалы, «Mega Silk way»-да медицина қызметкерлері 2 100-ден астам адамды вакцинациялады. Бұл бірғана орталықтың көрсеткіші» дейді Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы басшысының орынбасары Әлия Рүстемова.

«Keruen» және «Әбу-Даби Плазадағы» жұмыс уақыты алдыңғы екі орталыққа ұқсас, яғни сағат 10:00-ден 22:00-ге дейін.

Халықты вакцинациялаумен кеңінен қамту үшін қала әкімі Алтай Көлгіновтің тапсырмасы бойынша егу пункттерінің саны 36-дан 100-ге дейін, сондай-ақ жұмыс уақыты 08:00-ден 00:00-ге дейін, СОО-ларда 10:00-ден 22:00-ге дейін ұзартылды.

Елордалықтар COVID-19 вакцинасын алуға белсенді түрде ниет білдіргендіктен Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы еңбек ұжымдарын жаппай вакцинациялау үшін көшпелі бригадалар ұйымдастырады. Түрлі кәсіпорындарда КВИ-ға қарсы вакцина алғысы келетіндердің саны 1000 адамға жетеді. Бүгінгі күні қала бойынша 75 мыңға жуық адам вакцинацияланды.

Ауқымды шараға елорда тұрғындары, аудан әкімдіктері, қалалық басқармалар, коммуналдық шаруашылықтар, орталық мемлекеттік органдардың өкілдері, жастар бірлестіктері және қаладағы әлеуметтік маңызды нысандардың қызметкерлері қатысады.

Экологиялық шара аясында көшелер, тротуарлар мен аулаішілік аумақтар тазартылып, ағаш отырғызылады. Қаланы жинау және санитарлық тазарту жұмыстары, аулаларды, ғимараттардың қасбеттерін әрлеу, көгалдандыру және ағаштарды әктеу жұмыстары жоспарланған.

«ASTANA AQSHAMY»
ГАЗЕТІНЕ ЖАЗЫЛУ ЖҮРІП ЖАТЫР

№47 (4171) 24/04/2021 Сенбі

ЕЛБАСЫ

Қауіпсіздік Кеңесінің Төрағасы Нұрсұлтан Назарбаев Әсет Исекешевті қабылдады.

Кездесуде Қазақстанның Тұңғыш Президентіне 2025 жылға дейінгі Ұлттық қауіпсіздік стратегиясы мен Ұлттық қауіпсіздік қатерлерінің алдын алу жөніндегі іс-әрекет жоспары бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстар, сондай-ақ Қауіпсіздік Кеңесінің кезекті отырысына дайындық барысы туралы ақпарат берілді. Онда Қарулы Күштерді, басқа да әскер және күштік құрылымдарды 2030 жылға дейін құру, дамыту тұжырымдамасының жобасы, сонымен бірге шекарадағы қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселелері қаралады.

Сонымен қатар Елбасыға азаматтардың құқығы мен бизнесті қорғауды күшейту, учаскелік полиция инспекторларының рөлін арттыру, құқық қорғау жүйесін реформалау жұмыстары, сондай-ақ киберқауіпсіздік пен ақпараттық кеңістікті қорғау саласында қабылданған шаралар туралы баяндалды.

Кездесуде Нұрсұлтан Назарбаев су тасқыны мен селден қорғану, өрт қауіпсіздігі сынды өзекті мәселелерге, сондай-ақ пандемия аяқталғаннан кейінгі кезеңде ұлттық экономиканы әрі қарай дамыту мәселелеріне назар аударды.

– Ұлттық қауіпсіздіктің барлық аспектілеріне, соның ішінде азық-түлік қауіпсіздігі мен құқық қорғау жүйесінің жұмысына одан әрі талдау жүргізу керек. Қауіпсіздік Кеңесінің келесі отырысында Қарулы Күштерді дамыту мәселелері талқыланады. Алдағы жиынға сапалы дайындық жүргізу қажет, – деді Қазақстанның Тұңғыш Президенті.

Қауіпсіздік Кеңесінің хатшысы құқық қорғау жүйесін кезең-кезеңімен реформалаудың алғашқы нәтижелері туралы баяндады. Ә.Исекешевтің ақпаратына сәйкес, негізгі процессуалдық шешімдер бойынша прокурормен келісу институтын енгізу азаматтардың қылмыстық процестегі конституциялық құқықтарының бұзылуын үштен бірге, негізсіз қамауға алынған адамдар санын екі есе азайтуға жол ашты.

– Биыл қылмыс деңгейінің төмендеу үрдісі сақталып отыр. Бірінші тоқсанда бұл көрсеткіш 13,3 пайызға азайды, – деді Қауіпсіздік Кеңесінің хатшысы.

Сондай-ақ Ә.Исекешев 28-29 сәуірде Душанбеде өтетін Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымы Қауіпсіздік кеңесі хатшылары комитетінің кезекті отырысына дайындық барысы туралы баяндады. Аталған жиында өңірлік қауіпсіздікке қатысты өзекті мәселелер, терроризм мен есірткі қылмысына қарсы күрес және өзара іс-әрекеттің өзге де аспектілері талқыланады.

Соңында Нұрсұлтан Назарбаев Қауіпсіздік Кеңесінің аппаратына бірқатар нақты тапсырма берді.

ПРЕЗИДЕНТ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Премьер-министр Асқар Мамин мен Денсаулық сақтау министрі Алексей Цойды қабылдады. Мемлекет басшысына еліміздегі санитарлық-эпидемиологиялық ахуал, халыққа вакцина салу барысы, республиканың әлеуметтік-экономикалық дамуының өзекті мәселелері жайында баяндалды. Қасым-Жомарт Тоқаевқа халыққа екпе егуге қатысты қабылданып жатқан шаралар жайында айтылды. Асқар Маминнің айтуынша, сәуірден бастап ай сайын 2 миллион адамға вакцина салу жоспарланып отыр. Президентке отандық QAZVAC вакцинасының өңірлерге жеткізілуі жайында ақпарат берілді. Премьер-министр Қазақстанның COVID-19 індетіне қарсы вакцина шығарған он мемлекеттің және өз әзірлемелерін тіркеген бес елдің қатарына кіргенін айтты. Сонымен қатар ол 26 сәуірден бастап «ASHYQ» қосымшасын барлық облыстар кең көлемде қолданыла бастайтынын атап өтті. Бұл «қызыл» және «сары» аймақ кезінде экономиканың әртүрлі секторының қауіпсіз жұмыс істеуіне мүмкіндік бермек.

***

Қасым-Жомарт Тоқаев Қорғаныс министрі Нұрлан Ермекбаевты қабылдады.

Президент Жоғарғы Бас Қолбасшыға ведомстволық биылғы жылдың бірінші тоқсанында атқарған жұмысының қорытындысы, әскердің жауынгерлік дайындығы мен тәртібі, сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы қабылданып жатқан шаралар туралы баяндалды.

БАС ҚАЛАНЫҢ БАҒДАРЫ ҚАНДАЙ?

Елорданың 2035 жылға дейінгі бас жоспарына түзетулер енгізіледі. Қала дамуының бағыт-бағдарын айқындайтын басты құжаттың толықтырылар тұстары мен себебін қала әкімі Алтай Көлгінов инстаграм парақшасында жазды.

«2010 жылдың бас жоспарына сәйкес елорда халқы 2030 жылы 1,2 млн адамды құрауы тиіс еді, бірақ бұл көрсеткішке он жыл бұрын қол жеткізілді.

Демек қаланы дамыту кезінде халықтың жылдам өсу қарқынын ескеру қажет: бұл – тұрғын үй және әлеуметтік объектілер құрылысы (қолжетімді жеңілдікті тұрғын үй, мектептер, балабақшалар, медициналық мекемелер), сондай-ақ инфрақұрылым, жол желісі құрылысы және т.б.

Жыл сайын әлеуметтік нысандардың санын арттырамыз. Мысалы, 2018 жылы 1100 әлеуметтік пәтер салынса, биыл бұл көрсеткішті 10 мыңға дейін жеткізуді жоспарлап отырмыз. Сондай-ақ мектептер, балабақшалар, медициналық мекемелер салу бойынша да өсім байқалады.

Қаланың тыныс-тіршілігін қамтамасыз ететін 3-ЖЭО, КТҚ-2 (кәріздік тазарту құрылыстары), НФС-3 (сумен жабдықтау) сияқты маңызды объектілердің құрылысы бақылауға алынды. Алдағы уақытта жаңа үйлер мен нысандарды сумен, кәрізбен және жылумен қамтамасыз ету үшін 3-ЖЭО және НФС-3 жобаларын іске асырамыз. Сондай-ақ КТҚ-2 мен электр қосалқы стансаларын жобалаймыз.

Қаланың нөсерлі кәріздері жұмыс істей алуы үшін нөсердің құрылыс желісі кеңейтілді – бірнеше аудандарда қосымша нөсер кәріздері пайда болады.

Елорданың айналасында жол желісін құру да маңызды. 2019 жылдың күзінде елорда айналасында жол шеңбері ашылды. Жалпы ұзындығы – 87 км. Айналма автомобиль жолы автомобильшілерге қаладан әртүрлі бағытта: мысалы, Көкшетау, Қостанай, Павлодар, Қарағанды және т.б. жерлерге кіруге және шығуға мүмкіндік береді. Бұл қала көшелеріндегі қозғалысты айтарлықтай жеңілдетеді, автомобильдердің жылдамдық режимін арттырады және қала экологиясын жақсартуға ықпал етеді. Сонымен қатар қалада бірқатар көпірлер, жолдар, жаңа көшелер салынып жатыр.

Жүртшылықтың пікірін ескере отырып, түзетулер енгіземіз. Құжатқа жыл бойы түзетулер енгіземіз деп жоспарлап отырмыз.

Бұдан басқа қаланы «Нұр-Сұлтан – жайлы қала» мастер-жоспары аясында жоспарлы түрде дамытып келеміз. Бұл – әр аудан полиорталық қағидатына сәйкес дамиды деген сөз» деп жазды Алтай Көлгінов.

ГАЗ ТАРИФІ ҚАЙТА ҚАРАЛСА

Елорданың тұрғын үй секторының газбен жылытуға көшу мәселесі қаланың барлық тұрғындары үшін маңызды және өзекті болып табылады. Жақында Нұр-Сұлтан қаласының Қоғамдық кеңесі Бас прокурор Ғ.Нұрдәулетов, Ұлттық экономика министрі А.Иргалиев және Нұр-Сұлтан қаласының әкімі А.Көлгіновтің атына үндеу жолдап, газға қатысты тарифті қайта бекіту жөніндегі мәселеде халықтың көңілінен шығатын оң шешім қабылдауды сұрады.

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев өзінің Қазақстан халқына Жолдауында: «Біздің ортақ міндетіміз – азаматтардың барлық сындарлы сауалдарына жедел және тиімді жауап беретін «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасын іске асыру. Билік пен қоғамның тұрақты диалогы арқылы ғана үйлесімді мемлекет құруға болады» деп атап айтты.

«Қазіргі уақытта көктемгі кезеңнің басталуына байланысты, қаланың Қоғамдық кеңесіне әлеуметтік желілер арқылы жеке секторды газдандыру процесі қалай жүзеге асырылатынына қатысты көптеген сұрақтар келіп түсуде. Атап айтқанда, тариф белгілеу, газ жеткізу және одан әрі қызмет көрсету мәселелері. Мұндай инфрақұрылымдық жобаларды іске асыру жөніндегі халықаралық практикадан табысты мысалдар бар, оларда ашықтық тетігіне және халықтың пікірін ескеруге көп көңіл бөлінеді» делінген үндеудің мәтінінде.

2020 жылдың күзінде тұтынушылар үшін газдың түпкілікті бағасы ҚҚС-мен қоса 34,6 тг/м3 (оның ішінде тауарлық газды тасымалдау тарифі ҚҚС-мен қоса 4,59 тг/м3) болып бекітілді. Бұл шешім қоғам тарапынан үлкен қолдау мен мақұлдауға ие болды. Алайда «ҚазТрансГаз» АҚ тауарлық газды тасымалдауға арналған тарифтің қолданыстағы деңгейімен келіспегендіктен, бағаны қайта бекіту мәселесі алдымыздан шығып отыр. Қалыптасқан ахуалды ескере отырып, Қоғамдық кеңес мәселені ашық түсіндіріп, шешу жолдарын ұсынған. Бұл туралы үндеу мәтінінде былай жазылған:

«Қазіргі уақытта тауарлық газды тасымалдау тарифі қайта бекіту сатысында ҚҚС-мен қоса алғанда 4,59 тг/ м3 мөлшерінде және бұл түпкілікті тұтынушылар үшін ҚҚС-мен қоса алғанда 50 тг/м3 дейін бағаның өсуіне әкелуі мүмкін. Қайта бекітудің себебі «ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ тарапынан тауарлық газды тасымалдауға арналған тарифтің қолданыстағы деңгейімен келіспеуі болып табылады.

Елорданың қоғамдық кеңесі бұл тарифті белгілеуді қолайсыз деп санайды. Бұл халықтың салынған газбен жабдықтау желілеріне қосылудан жаппай бас тартуына әкелуі мүмкін, бұл ел астанасын газдандыру идеясының беделін түсіреді, қаланың экологиясын нашарлатады. Сондай-ақ қолданыстағы газ бағасының ҚҚС-мен қоса алғанда 34,6 тг/м3 мөлшерінде болуының өзі – республика бойынша халық үшін ең жоғарғы тариф. Осыған байланысты, сіздерден осы мәселені қарап, тиісті шаралар қабылдауыңызды сұраймыз».

Бас қаланы газбен қамтамасыз ету – Елбасының жобасы. Сол себептен бұл мәселеге Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев та, Үкімет те, құзырлы мемлекеттік органдар да ерекше назар аударып отыр.

Бас қала әкімінің орынбасары Бақтияр Мәкеннің төрағалығымен Жастар ісі жөніндегі кеңес отырысы өтті. Жиында жастарды жұмыспен, баспанамен қамту және вакцинамен жабдықтау, волонтерлік қозғалысты дамыту мәселелері талқыланды.

ЖАСТАРДЫҢ ЖАЙ-КҮЙІ САРАЛАНДЫ

«Еліміздің дамуында жастардың алатын орны өте ерекше. Мемлекет басшысы өз сөзінде «Тәуелсіздік рухымен өсіп келе жатқан бүгінгі жас буын – біздің ертеңгі үмітіміз, сенімді тірегіміз» деп атап өтті. Бұл ретте Жастар және Волонтерлер жылдары мемлекет тарапынан өскелең ұрпақты қолдауға бағытталған маңызды қадам болды. Біздің басты мақсатымыз – елорданы жан-жақты дамыған әлемдік қалаға айналдыру, тұрғындардың, жастардың әл-ауқатын көтеруге бағытталған экономиканы дамыту және тиімді жоспарлауды жүзеге асыру болып саналады. Бұл мақсаттар мен міндеттер елордалық жастардың әрқайсысына ортақ, сондықтан сіздерді елорданың өсіп-өркендеуіне ерекше үлес қосады деп сенемін» дейді Бақтияр Мәкен.

Қазақстанның табысты болашағы үшін жауап беретін еліміздің ертеңі – бұл жастар. Қала әкімінің орынбасары Жастар кеңесі тәжірибе алмасу және идеяларды жүзеге асырудың өзара сұхбат алаңы болуы тиіс екенін айрықша атап өтті.

Жиын барысында елордадағы мемлекеттік жастар саясаты саласында атқарылып жатқан жұмыстар туралы Жастар саясаты мәселелері басқармасының басшысы Қайрат Қамбаров баяндама жасады. Өз сөзінде ол жастарға жасалып жатқан жағдайдан хабардар етіп, волонтерлер жұмысының табысты жүзеге асырылып жатқанын мәлім етті.

Жастар жылының салтанатты ашылу шарасында Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті - Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев жұмысшы жастарға сатып алу құқығынсыз жалға пәтерлер беру туралы тапсырма берген болатын. Осыған орай жұмысшы жастарға берілетін баспана бағдарламасы бойынша атқарылып жатқан жұмыстар жайлы Құрылыс және тұрғын үй саясаты басқармасының басшысы Әнуар Саипов хабардар етті.

«МЕЙКАТОН» ЖОБАСЫНЫҢ ЕКІНШІ КЕЗЕҢІ ӨТТІ

Елордада «Мейкатон» жобасының екінші кезеңі өтті. PreTOM кезеңі – мүмкіндігі шектеулі адамдармен прототиптер жасайтын өнертапқыштарды таныстыруға бағытталған іс-шара.

Тәуелсіздіктің 30 жылдығына орай Нұр-Сұлтан қаласының Жастар саясаты мәселелері басқармасының қолдауымен ұйымдастырылған шараға «Астана жастары» ЖРО, «ҚР-дағы Тель-Авив университеті достар қауымдастығы» ЗТБ, «Astana International University» университеті мен «GreenTal» әлеуметтік шеберханасы қатысты.

«Бұл жоба Нұр-Сұлтан қаласында бірінші рет өткізілуде. Мейкатонның мақсаты – мүмкіндігі шектеулі адамдардың қоғамда бейімделуіне бағытталып, толыққанды тұрмыстарын ұйымдастыруға арналған, қолданыста ыңғайлы, жасалуы қарапайым және бағасы қолжетімді прототиптер жасау. Қазір PreTOM кезеңі өтуде. Бұл этапта командалар мен мүмкіндігі шектеулі адамдар кездеседі. Сонымен қатар мүмкіндігі шектеулі жандарға арналған құралдардың бөлшектері мен қажеттіліктерін талқылайды» деді ҚР Тель-Авив университетінің достар қауымдастығы ЗТБ вице-президенті Сәния Арапова.

Бұл жолғы «Мейкатонның» ерекшелігі – «GreenTal» әлеуметтік шеберханасының командасы қатысуында болып отыр.

– «Мейкатон» жобасына жылда қатысамын. Ең алғаш 2018 жылы Алматыда қатыстым. Екінші рет 2019 жылы Нұр-Сұлтан қаласының Назарбаев университетінде өткен болатын. Сол жолы 1-орынды иелендік. 2020 жылы ЭКСПО-да өткен жобада 2-ші орын алдық. Жалпы біз мүмкіндігі шектеулі жандардың қозғалысын жеңілдету үшін көп еңбек атқарамыз» деді жоба қатысушысы Болат Бабек.

Командалар спорттық медицина және оңалту саласындағы сарапшы-бағдарламашылардан сараптамалық сүйемелдеу алады. PreTOM кезеңі барысында қатысушылар мүмкіндіктері шектеулі адамдарға кеңес беретін болады, олар үшін прототиптер әзірленеді.

ӘЛЕМ АСТАНАЛАРЫ

БРЮССЕЛЬ

Бельгияға кіріп-шығуға салынған шектеу күшін жойды.

Бұған дейін елде маңызды емес сапарларға шектеу қойылған еді. Енді елге кіргендер карантинді сақтау үшін «қатаң бақылауға» алынады. Бельгияға «қызыл» аймақтағы елдерден келгендерге «Travelers Online» порталында тіркелуден өту қажет. Арнайы жасақталған форма 2 ПТР тестін тапсыруды міндеттейді. Ел аумағында саяхатшылар алғашқы ПТР тестін келген күні тапсыруы тиіс. Екіншісі жетінші күні тапсырылады. Жоғарыда аталған ережені сақтамағандарға 250 еуро көлемінде айыппұл қарастырылған.

ДЖАКАРТА

Елде 53 адам мінген сұңғуір қайық жоғалып кетті.

Индонезия сұңғуір қайықты табу үшін Аустралия мен Сингапурға көмек сұрап жүгінді. Индонезия әскери теңіз флотының өкілі KRI Nanggala-402 сұңғуір қайығы Бали аралының солтүстігіндегі суларда торпедалық жаттығулар өткізгенін, бірақ жаттығулар нәтижесін ұсынбағанын мәлімдеді. Қайықпен байланыс 21 сәуірде таңғы сағат 4:30-да үзілген.

№47 (4171) 24/04/2021 Сенбі

ҚАЛАНЫ ДАМЫТУДЫҢ БІРЕГЕЙ ЖОБАСЫ

Нұр-Сұлтан қаласының әкімі Алтай Көлгіновтің тапсырмасымен іске қосылған Birge платформасында идеялар ұсынудың екінші кезеңі аяқталды. Онлайн-дауыс беру нәтижелері бойынша жүзеге асырылатын төрт идея анықталды. Жақын арада онлайн-дауыс беру үшін елордалықтардың тағы 30-ға жуық идеясы ұсынылады. Ірікте-лген идеялар алдағы IT-кеңесте қаралады.

Birge платформасы. Бас қала тұрғындары қаланы дамытуға белсенді араласып, 290-нан астам идея ұсынды. Олардың басым көпшілігі білім беру, экология, қоғамдық кеңістік, урбанистика және әлеуметтік сала идеяларын қолдады.

Елорда тұрғындарының үздік идеялары:

1) «Студенттік карта».

Идея авторы Д.Нығыманов «Білім беру» тақырыбы бойынша қоғамдық көлікке ақы төлеу, стипендияны толықтыру, университетке кіру, мекемелердегі жеңілдіктер және т.б. мақсаттарға бірыңғай студенттік карта жасауды ұсынды.

2) «Қоқысты бөлек жинау».

Идея авторы – Ж.Сансызбаев. «Экология» санатында көлік картасына немесе телефонға ақша аудара отырып, тұтас пластик бөтелкелерді, сыра, алюминий және шырын құтыларын жинау үшін терминалдар орнатуды ұсынды.

3) «Күйші Дина» атындағы сквер орнату».

О.Жақыпова «қоғамдық кеңістік» тақырыбы бойынша қалада сквер ашып, Дина Нұрпейісованың мүсіндік композициясын орнатуды ұсынды.

4) «Балалар арбасының, мүмкіндігі шектеулі азаматтардың, велосипедтердің кедергісіз өтуі үшін жиектастарды қайта жасау».

Б.Сәбденов урбанистика санатында осы идеяны ұсынып, балалар арбаларының, мүмкіндігі шектеулі азаматтар мен велосипедшілердің жүріп өтуіне ыңғайлы болу үшін көшелердің, жаяу жүргіншілер жолдарының, ғимараттардың, сквердер мен саябақтардың белгілі бір учаскелерінен кедергісіз өтуіне мүмкіндік беретін жиектерді арнайы съездермен жабдықтауды ұсынды.

Азаматтардың идеяларымен және іске асырылу барысымен Birge платформасындағы «іске асыру идеялары» бөлімінде танысуға болады.

Birge платформасы «Нұр-Сұлтан – жайлы қала» мастер-жоспары аясында қаланы дамытудағы жобалар пулын қалыптастыру үшін құрылған. Мұнда маңызы бар ұсыныстар, дайын шешімдері бар қызықты идеялар қарастырылады.

Азаматтардың ұсыныстары да маңызды. Олардың негізінде қаланың жекелеген бағыттарын дамытудың жаңа жолдары ашылады. Азаматтардың қажеттіліктері негізінде жайлы қала құруға болады. «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасы аясында әрбір идея ег-жей-тегжейлі зерделеніп, тиісті органмен бірлесе қаралады. Ал жүйелі сұрақтарды iKomek-ке жіберу керек.

Қала тұрғындарының идеялары қабылданады және әрбір тұрғын елорданың дамуына үлес қоса алады. Іске асырылатын идеялардың толық тізімін мына жерден көруге болады (https://birge-elorda.kz/nur-sultan/). Байланыс: 55 73 61. E-mail: digital@astana.kz

ӘЛЕУМЕТ САУАЛЫ – ӘКІМ ЖАУАБЫ

? – Елодада биыл 7 мың үлескер баспаналы болатынын естідім. Тұрғын үйлердегі құрылыс қарқыны тиісті деңгейде жүргізіліп жатыр ма? «Бағыстан» тұрғын үй кешенінің құрылысы қашан аяқталады?

Алтай КӨЛГІНОВ, Нұр-Сұлтан қаласының әкімі:

– «Бағыстан» тұрғын үй кешені бойынша ауқымды жұмыстар атқарылды. Инвесторларды тартып, сыртқы және ішкі инженерлік желілерді іске қосып, «GLB» үй құрылысы комбинатының жұмысын қайта жандандырдық. Сондай-ақ жол салынды, бағдаршамдар орнатылды. «№1, 3» позицияларда витраждар, терезелер орнатылды, инженерлік желілер тартылды (су, электр, жарық, кәріз). «№1» позиция бойынша жұмысшылар ішкі әрлеуге кірісті. Осы айда аталмыш позиция бойынша кілттерді беруді тапсырдым. Ал қалған позицияларды осы жылдың соңына дейін аяқтауды тапсырдым.

ҮҚК несие берушілер мен кәсіпорын қызметкерлері алдында шамамен 600 млн теңге қарызы болған. Мемлекет қабылдаған шаралардың арқасында қарыздар өтеліп, зауыттың жұмысы қайта жанданды. Бұл шаралардың барлығы үлескерлерге көптен күткен пәтерлерін тапсыру үшін қабылданды. Сонымен қатар ҮҚК әлеуметтік тұрғын үй құрылысына да қатысып жатыр.

АЛЛО, «АСТАНА АҚШАМЫ»!

Бағлан АСЫЛХАНОВ, елорда тұрғыны:

– Қысқа мерзімді кәсіптік оқыту мен «Еңбек» бағдарламасы, «Жастар практикасы» жайлы толығырақ білгім келеді. Диплом алған адамға жұмыстың бірден табыла кетуі қиын. Сондықтан мамандық бойынша қызметке орналасу үшін қайда баруға болады? Аталған бағдарламалар еліміздегі ірі компанияларда тәжірибеден өтуге мүмкіндік бере ме?

Оқырман сауалына Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің Халықты жұмыспен қамту орталығы директоры Азамат Байтасовтың жауабын ұсынамыз.

– «Қазіргі уақытта Жұмыспен қамту орталығы «Еңбек» және «Жұмыспен қамту жол картасы» бағдарламасы аясында қызмет атқарады. «Еңбек» бағдарламасы аясында кәсіптік оқыту, жаңа бизнес идеяларды асыруға мемлекеттік грант беру, сондай-ақ кәсіп негіздерін оқыту, жастар практикасына жолдама беру, әлеуметтік жұмыс орындарын құру, қоғамдық жұмыстар, «Бастау бизнеске» жолдамалар беру, сол сияқты «Алғашқы жұмыс орны» жобасы секілді қызметтер жүзеге асуда.

Жоспар бойынша қысқа мерзімді оқытумен 200 адам қамтылады. Ал қазіргі уақытта 120 адам оқып жатыр.

ҚОЛӨНЕРГЕ ҮЙРЕТЕТІН КЛУБ

Бас қалада «Қолөнер орталығы» аула клубы ашылды. Мұнда тәрбиеленушілерге қолөнер, зергерлік жұмыс, тігін, қыш және сәндік-қолданбалы өнермен айналысу үшін барлық жағдай жасалған.

«14-29 жас аралығындағы жастармен жұмыс істейміз. Қолөнер шеберлігі – ата-бабаларымыздың мұрасы. Халқымыздың тарихы өте бай. Басты мақсат – жастарды қолөнерге үйрету, ұлттық кодты сақтау және әрине мәдениетімізді барынша насихаттау. Арамызда өмірін қолөнерге арнаған отбасылар бар. Балалар бізден белгілі бір білім алып, табыс таба алады» деді аула клуб жетекшісі Рауза Балмағамбетова.

Жаңа нысанның басты артықшылығы – балалар үйірмелерге тегін қатыса алады. Қазіргі уақытта Нұр-Сұлтанда 27 аула клубы жұмыс істейді, ал тәрбиеленушілер саны үш мыңға жуықтады. Мұнда балалардың спорт, модельдеу, робототехника, вокал және бимен шұғылдануына мүмкіндік береді.

«Мен осы аула клубын құру туралы анам арқылы білдім. Қолөнермен, тігінмен айналысқанды ұнататынмын. Болашағымды осы саламен байланыстырамын. Ұлттық киім дизайнері болғым келеді» дейді «Қолөнер орталығы» аула клубының қатысушысы Жанель.

Қала әкімдігі Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша аулалар мен қоғамдық кеңістіктерді абаттандыру бойынша ауқымды жұмыстар жүргізуде. Өткен жылдың өзінде қала әкімдігі 76 гектардан астам аумақты абаттандырды: бұл 150-ден астам аула және 60 қоғамдық кеңістік (саябақтар, сквердер, бульварлар). Биыл бұл жұмыс белсенді түрде жалғасын табады.

800 АЗАМАТ ӘСКЕРГЕ АТТАНАДЫ

Елордада биыл көктемгі шақыру комиссиясы наурыз-шілде айларында жұмыс істейді. Осы кезеңде 800-ден астам жігітті мерзімді әскери қызметке шақыру жоспарланып отыр.

Наурыз айында елорданың әскерге шақырылушылары Шекара қызметі бөлімінің қатарын толықтырды. Жақында қалалық құрама пунктінен Ақтаудағы теңіз жаяу әскеріне бір топ жас сарбаз аттанды.

Елордада көктемгі шақыру комиссиясы шілде айына дейін жұмыс істейді. Көктемгі шақыру кезінде Нұр-Сұлтаннан 800-ден астам жас шұғыл қызметке аттанады. Оларды іріктеу үшін қаланың шақыру медициналық комиссиялары кемінде 9 000 мың әскерге шақырылушыны куәландыруы қажет.

18-27 жас аралығындағы барлық ер-азаматтар әскерге шақырылады. Денсаулық жағдайына байланысты кейінге қалдыруға немесе босатуға жататын жастардан өзгесі қабылданады.

Әрбір нақты шақырылушыға шақыру туралы шешімді комиссияның алқалы құрамы қабылдайды, оның төрағасы қала әкімінің орынбасары Асқар Әмрин.

ҚР «Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы» Заңына сәйкес, техникалық және кәсіптік, жоғары білімі бар және 6 ай қызмет өткерген мерзімді қызметтегі әскери қызметшілер келісімшарт бойынша әскери қызметке кіруге құқылы. Осылайша өзінің жұмысқа орналасу проблемасын шешеді» деп хабарлады Нұр-Сұлтан қаласының Қорғаныс істері жөніндегі департаменті бастығының орынбасары Артур Қасқарауов.

Қазір халыққа қызмет көрсету бойынша барлық рәсімдер, оның ішінде әскери билеттер мен тіркеу куәліктерін беру, түрлі анықтамалар, әскери есепке қою және одан шығару мемлекеттік қызметтерді көрсету шеңберінде «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» КЕ АҚ филиалдары арқылы ғана көрсетіледі.

Мерзімді қызметке шақырудан жалтарғаны үшін заңнамада 1000-нан 3000 айлық есептік көрсеткішке дейін қылмыстық және әкімшілік жауапкершілік көзделген.

АСТАНА АУДАНЫ

Сарыарқа ауданында Қосшығұлұлы көшесіндегі жабық аялдамаға инновациялық жүйе орнатылды. Аялдама ішіндегі ауаны дезинфекциялайтын қондырғы сағатына 200 текше метр ауаны иондау арқылы вирустан қауіпсіз орта қалыптастырады. Идея авторлары жолаушыларға ыңғайлы болу үшін қондырғыны дыбыссыз режимде жұмыс істейтін етіп жасаған.

Аялдама ауасын дезинфекциялап, баптау кезінде сыртқа озон шығарындысы бөлінбейді. Қондырғы 150 Вт электр қуатын тұтынып-ақ жұмыс істей береді. Сондай-ақ аялдамада алаяқтық пен ұрлықты азайтуға мүмкіндік беретін қашықтан басқарылатын онлайн бақылау камерасы орнатылған. Ол да тәулік бойы, аптасына жеті күн үздіксіз жұмыс істейді. Пилоттық жоба 1-3 айдың аралығында болады. Одан кейін қаладағы барлық аялдамаларды жабдықтау жоспарланған. Қазіргі таңда ТМД бойынша теңдесі жоқ технологияның бағасы қосымша құн салығынсыз – 983 мың теңге.

ӨҢІР ӨМІРІ

Атырау облысында 23 мың оқушыға арналған 37 жаңа мектеп салынады. 2025 жылы өңірдегі білім ордаларындағы орын тапшылығы толық шешіледі.

Сонымен қатар жергілікті тұрғындарға сапалы медициналық көмек көрсету үшін бірқатар нысанның құрылысы басталады. Атап айтқанда, көпбейінді аурухана, екі емхана, психикалық денсаулық орталығы, Атырау қаласындағы онкологиялық диспансер жанынан радиологиялық корпус, сондай-ақ ауылдық жерлерде алғашқы дәрігерлік-санитарлық көмек көрсететін 9 нысан бой көтереді. Мүмкіндігі шектеулі балалар үшін оңалту орталығы салынады. Бұдан бөлек, 3,5 миллион шаршы метр тұрғын үй пайдалануға беріледі. Соның нәтижесінде 25 мың атыраулық отбасы жаңа баспанаға ие болады.

Кешенді жоспардың жүзеге асырылуы өнеркәсіпті, агроөнеркәсіп кешенін, туризм саласын дамытуға, энергетика және экология саласындағы аймақта қордаланған мәселелерді шешуге мүмкіндік береді. Оны іске асыру үшін 9 триллион теңгеге жуық инвестиция тартылады.

Беттерді дайындаған Темірхан РАХМЕТУЛЛИН

ТОКИО

Токиода енгізілетін төтенше жағдай режимі Олимпиада ойындарының дайындық барысына кедергі келтірмейді.

Халықаралық Олимпиада комитеті белгіленген кестеге сай жұмыс істейді. Жоспар бойынша Токио мен тағы бірнеше префектурада сәуірдің 29-ынан бастап мамырдың 9-ына дейін Төтенше жағдай режимі жарияланады. Биліктің бұл шешіміне аймақтағы эпидемиологиялық ахуалдың күрделенуі себеп болды. Өткен жылға жоспарланған Олимпиада ойындары індеттің кесірінен бір жылға кейінге шегерілген. Енді спорттық дода осы жылдың 23 шілдесінде басталуы тиіс.

БЕРН

Швейцарияда коктейль жасай алатын робот-бармен пайда болды.

«Барни» деп аталатын құлтемір ондаған сусын мен спирттік ішімдік дайындай алады. Оған телефон арқылы тапсырыс береді. Компания өкілдері мұндай құлтемірге сұраныс артатынына сенімді. F&P Robotics AG компаниясының өкілі Джери Коломбоның айтуынша, «Барни» толықтай автоматтандырылған. Ол 16 түрлі сусын дайындай алады, қажет болса оған мұз салып, сізбен қалағаныңызша әңгімелеседі. Тіпті әзіл айтып, көтеріңкі көңіл-күй сыйлай алады.

№47 (4171) 24/04/2021 Сенбі

ЕКІ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ САЯБАҚ САЛЫНАДЫ

Кіші Талдыкөлдің су айдыны сақталып, су қоймасының айналасы абаттандырылады. Екі экологиялық саябақ салынады: біреуі – үлкен Талдыкөл көлінің жанында, екіншісі – Майбалық көлінің жанында. Бұл туралы Сәулет, қала құрылысы және жер қатынастары басқармасының басшысы Нұрлан Ұранхаев мәлімдеді.

«Кіші Талдыкөл – көл емес, су жинайтын орын. Дегенмен, ол орын жойылмайды. Су айдыны сақталады. Ең кіші Талдыкөлде құрылыс жұмыстары болмайды. Ал айналасы қаланың ықшам құрылысының жоспарына сәйкес абаттандырылады. Бұл тұрғын үй, әлеуметтік нысандар – мектептер, балабақшалар және т.б. Мысалы, «Зеленый квартал» ТК өз уақытында батпақтың үстіне салынған, «Хан-Шатыр» СОО-да, Тұран даңғылы да т.б. сол сияқты.

Дегенмен, Кіші Талдыкөлдің су айдыны сақталатынын тағы да хабарлаймыз. Белсенділермен бірнеше рет кездесу өткізілді. Жалған ақпарат таратудың қажеті жоқ» деді Сәулет, қала құрылысы және жер қатынастары басқармасының басшысы Нұрлан Ұранхаев.

Нұр-Сұлтан қаласының санитарлық-эпидемиологиялық бақылау департаменті 2020 жылдың тамыз айында Кіші Талдыкөл суына қосымша сараптама жүргізді. Зерттеуге сәйкес темірде шекті рұқсат етілген концентрацияның артуы – 6,2 есе, хлоридтер – 9,3 есе, сульфаттар – 1,1 есе, аммиак 5 есе және т.б. Судың түсі 2 санатқа жатады. Осылайша, бұл тірі организмдердің өміріне жарамсыз су қоймасының ластануының жоғары деңгейін көрсетеді.

Талдыкөлдің өзінде (үлкен Талдыкөл) экологиялық инфрақұрылымы болады. Талдыкөл көлінің жанында жалпы аумағы 5700 га қорық және орман-саябақ аймағы бар еліміздегі алғашқы табиғи парк салынады. «Астанагенплан» қызметкерлері Қазақстанның биоалуантүрлілігін сақтау қауымдастығымен бірлесіп, Лондон сулы-батпақты алқаптар орталығы, Rainham Marshes табиғи паркі, Шервуд орманы, Minsmere Reserve қорығы негізінде Ұлыбританиядағы әріптестерімен бірге табиғи парктерді жобалау мен салудың халықаралық тәжірибесін зерттеді және құстар қоғамының жетекші мамандарымен кездесулер өткізді. Қалалық табиғи паркті құрудың жаратылыстану-ғылыми негіздемесі – мемлекеттік экологиялық сараптаманың оң қорытындысы.

Оның аумағында байқау алаңдары, болашақ биологтар, ихтиологтар, орнитологтар, экологтар үшін білім беру орталықтарын салу жоспарлануда. Бұл тарихи маңызды орнитологиялық аумақ екендігі бекер емес. Маусымдық көші-қон кезінде көлдерде және оған жақын жерлерде құстардың 200-ге жуық түрін көруге болады. Осылайша, қала Қызыл кітапқа енген жануарлар мен құстардың табиғи ортасын сақтауға мүмкіндік алады.

Майбалық көлінің екінші экопаркі (әуежай бағытының оңтүстік-шығыс жағы) бұдан да тартымды орын болмақ. Аумақтың жалпы ауданы – 400 га, су қоймалары – шамамен 120 га. Саябақ кешені ерекше қорғалатын жағалау аймақтарын, балық аулауға арналған жасанды су қоймаларын құруды, қаланың бірегей экожүйесін қолдауға арналған алаңдарды, сондай-ақ веложолдар, серуендеу аймақтары, спорттың әртүрлі түрлерімен айналысуға арналған алаңдар және т.б. болады.

Атбегілер клубын ашу жоспарлануда. Бұл саябақтың аумағын атқа мінип зерттеуге болатындығын білдіреді.

Майбалық көлінің аумағы өзіндік қорық аймағы, одан шығатын арналарды көруге болады, олар «тірі артериялар» ретінде барлық қала тұрғындарының көлге қол жеткізуіне мүмкіндік береді. Болашақта орман паркі дамып келе жатқан қаланың жасыл орталығына айналады. Бұл – елорданың жасыл идеясын жалғастыру үшін маңызды қадам.

Талдыкөл маңындағы табиғи парк

«ASHYQ» ҚОСЫМШАСЫНЫҢ КӨМЕГІ ҚАНДАЙ?

Нұр-Сұлтан қаласында «Ashyq» мобильді қосымшасында тіркелген бірқатар бизнес-нысандар демалыс күндері жұмыс істейді.

«Ashyq» қосымшасы кәсіптік нысандарға қатаң карантиндік жағдайда жұмыс істеуге мүмкіндік береді. Мысалы, егер қала сырқаттанушылық деңгейі бойынша «қызыл аймақта» болса, онда «Ashyq» қосымшасын қолданатын бизнес иелері «сары аймақ» үшін көзделген шарттар бойынша жұмыс істей алады.

Бүгінгі таңда жоба Нұр-Сұлтан бойынша 135 кәсіпкерлік субъектісін біріктірді. Оларға фитнес және спа, сауна, бассейн, боулинг, компьютерлік клубтар мен қоғамдық тамақтану ұйымдары кіреді. Айта кету керек, бұл кәсіпорындар өткен жылы төтенше жағдай жарияланғаннан кейін жабылып қалды. «Ashyq» қосымшасы тоқтап қалған кәсіпорындарға жұмысын қайта бастауға мүмкіндік береді.

«Ashyq» пилоттық жобасының басты мақсаты – келушілер мен қызметкерлердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету. Себебі барлық азаматтар қоғамдық орындарға бару арқылы өзін-өзі оқшаулау режимін сақтамайды және осылайша вирустың таралу қаупін тудырады. Сонымен қатар, карантин кезеңінің басынан бері қызметін қайта бастай алмаған кәсіпкерлерге эпидемиологиялық жағдайды бағалау матрицасының белгілі бір «аймағында» болуына байланысты біртіндеп немесе толығымен жеңілдіктермен жұмыс істеуге мүмкіндік береді.

Мобильді қосымшаны қолдану жеңіл. Қоғамдық орынға кіреберісте пайдаланушы арнайы QR-кодты сканерлеп, оны әкімшіге көрсетеді. Код келушінің мәртебесін (статус) анықтайды. Мәртебе ПТР-зерттеулердің бірыңғай интеграциялық порталы және ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің COVID-19 бақылау орталығы сияқты ақпараттық жүйелермен салыстыру негізінде беріледі. Әр түске сәйкес мәртебе келесідей мағына береді:

«Қызыл» мәртебе ПТР-тест тапсырып, коронавирус анықталған адамға беріледі. Мұндай мәртебе иелері үйде оқшаулану режимін қатаң сақтауы тиіс.

«Сары» – байланыста болған адамдарға берілетін мәртебе. Оларға азық-түлік алуға немесе үйдің жанындағы дәріханаға баруға рұқсат етілгенмен, басқа қоғамдық орындарға баруға тыйым салынады.

«Көк» – ауру жұқтырған адамдармен байланыста болған адамдар есебінде жоқ, ПТР-тест (мысалы, әуежайда) талап етілетін жерлерден басқа кез келген жерде еркін қозғалу дегенді білдіреді.

«Жасыл» – жүріп-тұруда шектеу жоғын білдіреді, мұндай адам базада COVID-19 індетіне ПТР-тестілеуі теріс нәтиже шыққан пайдаланушы болып шығады.

Елорда қазір «қызыл аймақта» орналасқан. Алайда «Ashyq» қосымшасы арқылы жұмыс істейтін кәсіпорындарға демалыс күндері жұмыс істеуіне рұқсат етіледі. Яғни фитнес және спа, сауна, бассейн, боулинг, компьютерлік клубтар мен қоғамдық тамақтану ұйымдарына баруға болады.

«Ashyq» қосымшасы бойынша және демалыс күндері жұмыс істейтін объектілер қала бойынша індеттің таралуына еш әсер етпейді. Бұл келушінің QR-кодын енгізгеннен кейін «қызыл» немесе «сары» мәртебе анықталған жағдайда, нысанға кіруге рұқсат етілмеуімен байланысты. Тек сәуір айында Нұр-Сұлтан қаласы бойынша «Ashyq» жобасына қатысушы объектілерден 212 үй карантинін бұзушы анықталды, оның ішінде 99 науқас және 113 байланыста болған адам бар.

14 сәуірден бастап пилоттық жобаға кинотеатрлар және қоғамдық тамақтану (банкет залдары, асхана, фаст-фуд және стрит-фудтар түріндегі нысандардан бөлек) нысандары, театрлар, филармониялар және ерікті қатысушылар қосылды. Ал 21 сәуірден бері облысаралық және қалалық тұрақты емес (туристік) жолаушылар тасымалы, бильярд клубтары мен концерт залдары енді.

Қазіргі уақытта «Ashyq» қосымшасына тіркеліп, өз кәсібін қайта жандандырғысы келетін кәсіпкерлердің саны артып келеді. Бизнес субъектілері үшін жобаға қатысу ерікті түрде жүргізіледі.

Вакцинацияға қарсы көрсеткіштер:

- вакцинаның кез келген компонентіне немесе құрамында ұқсас компоненттері бар вакцинаға жоғары сезімталдық;
- ауыр аллергиялық реакциялардың болуы;
- жедел инфекциялық және инфекциялық емес аурулар;
- созылмалы аурулардың өршуі (мұндайда вакцина емделгеннен немесе ремиссиядан кейін 2-4 аптадан соң жасалады;
- жүктілік және емізу кезеңі;
- 18 жасқа дейін.

Вакцинация алдында антиденелер мен ПТР тестілеуден өту қажет пе?

Адам антиденелердің барын білсе, онда вакцина салдырмауына болады. Сізде ауру белгілері байқалса немесе соңғы 14 күнде науқас адамдармен байланыста болсаңыз, ПТР тестілеуден өту қажет.

Коронавируспен ауырсам немесе суық тисе, вакцина алуға бола ма?

Жоқ, әзірге вакцинациядан бас тартқан жөн. COVID-19 кезінде вакцинация сауыққаннан кейін 6 айдан соң; ал суық тигенде ауру белгілері кеткен соң 2 аптадан кейін жасалады.

Электронды вакцинация паспортын қалай алуға болады?

Электронды вакцинация паспорты eGov мобильді қосымшасында вакцина алғаннан кейін бірден қолжетімді болады. Ол үшін сізге ЭЦҚ немесе SMS арқылы тіркелу керек, содан кейін паспортыңыз құжаттар бөлімінде пайда болады.

Қазір қандай вакцина егіп жатыр?

Қарағанды фармацевтикалық зауыты шығарған ресейлік «Спутник-V» вакцинасы.

ЭЛЕКТРОНДЫ ҰБТ-ға ДАЙЫНБЫЗ БА?

«ҰБТ-ны компьютермен тапсырамыз» деп шулап жүргелі де бірнеше жыл болыпты. «Қаладағылар электронды тапсырса тапсырар, ал ауылдағылар қайтпек?» деп те ойладық. Бізге мүмкін еместей көрінген электронды ҰБТ биылдан бастап заң жүзінде күшіне енді. Қазір тестілеуге өтініштер қабылданып жатыр. 25 сәуірден бастап республика бойынша сынақ басталады. Биыл тестілеу 3 ай өткізіледі, әр оқушыға 2 рет тапсыруға мүмкіндік беріледі. Ұлттық тестілеу орталығының директоры Дидар Смағұловтан электронды сынақтың ерекшеліктері туралы сұрап білдік.

– Былтыр ҰБТ-ға жаңа ережелер енгіздіңіздер. Камераны бірнеше ай бақылап, тәртіп бұзған түлектердің нәтижелерін де жойдыңыздар. Ата-аналар мен балалар бұл бастаманы қалай қабылдады?

– Жалпы қоғам жақсы қабылдады деп айтуға болады. Өкінішке қарай, кейбір ата-аналар осы жүйеге қарсы шығып, бейнежазбалар түсіріп, хаттар жазып тоқтатыңдар деп біраз қарсылық танытты. Бірақ қоғамның көпшілігі бізді қолдады. Мұндай қатаң талап пен бақылау болу керек. Тестің әділ өтуі үшін ережелер барлығына ортақ деген пікірлер де айтылды. Көпшілік қауым қолдап жатқаннан кейін осы жұмысты әрі қарай жалғастыруымыз керек екенін түсіндік. 2020-2021 жылы да біз осы бетіміздің таймаймыз. Алдағы ҰБТ-да өте қатаң талап болады. Барлығы автоматты түрде камераның астында тест тапсырады, көшіруге ешқандай мүмкіндік жоқ.

– Өткен жылдармен салыстырғанда бақылаудың күшеюі қанша пайыз әділдіктің орнауына әкелді?

– 2020 жылғы ҰБТ-ны 90 пайыз әділ өтті деп айта аламын. Себебі біз балалар тест тапсырып біткеннен кейін де бейнебақылау камераларын бірнеше рет қарап, құқық бұзушылықтарды анықтадық. Нәтижесінде кейбір оқушылардың көрсеткіштері жойылып, бір жыл ҰБТ тапсыру құқығынан айырылды. Олар осы жылы тест тапсыра алады. Ал биылғы ҰБТ тапсыратын балаларға мұндай шектеу жоқ. Егер компьютермен тест тапсырып отырып көшіргені анықталса, нәтижелері жойылып, кабинеттен шығарылады.

– Электронды форматтағы алғашқы ҰБТ деп айтып жатырсыз ғой. Дәстүрлі ҰБТ-дан қандай артықшылықтары бар?

– Ең басты артықшылығы – балаларға ыңғайлығы. Оқушыларға бұл формат ұнайды және өте қолайлы. Бұған дейін балалар кітапшаға белгілеген жауаптарын жауап парағына түсіргенде көп қате жіберіп шатасатын еді. Артынан қанша жерден басқа жауапты белгілегенін айтып шағымданса да, біз қолда бар қызыл парақтағы жауаптарды ғана қабылдайтынбыз. Енді осындай кемшіліктер болмайды. Мұндай қателерге жол бермейміз. Өйткені компьютермен тест тапсыру кезінде бала байқамай жауап берсе, оны өзгертуге мүмкіндігі бар. Басқа пәндерге бірнеше рет өтіп, басынан бастап бірнеше рет тексеріп шыға алады. Сондықтан осындай кемшіліктер болмайды. Екінші жағынан бізге де тиімді. Өйткені электронды ҰБТ арқылы біз өте көп қаражат үнемдейміз. Мысалы, өткен жылдары дәстүрлі тестілеуді ұйымдастыру үшін миллиардқа жақын қаражат пайдаланылса, қазір тек қана 400 миллионға дейін қаражат кетеді. Келесі жылдары бұдан да аз жұмсалады. Биыл бірінші рет өткізілейін деп отырғандықтан, жаңа жүйені қалыптастырып жатырмыз. Оны бір рет жасап, кейін қолдап жүрсек аса көп қаражат та кетпейді. Үшінші жағынан қоғамға пайдалы. Электронды ҰБТ әділ, ашық өтеді. Ешқандай жемқорлыққа жол берілмейді. Өткен жылдары тест ұйымдастыру үшін еліміздің түкпір-түкпіріне 180 адамды жіберіп, оларды қадағалап, жергілікті атқарушы органдармен сөзге келмеуін бақылайтынбыз. Бұл бойынша жылда бірнеше қылмыстық іс те қозғалды. Сондықтан біз осы тәжірибені тоқтатып, сыбайлас жемқорлықтың алдын алып отырмыз. Барлық әрекеттер автоматтандырылған, цифрландырылған. Егер біреу бірдеңені өзгертсе, бәрібір бір ізін қалдырады. Тіпті сырттан біреу өзгерте де алмайды.

– Сонда оқушылар апелляцияға қалай береді?

– 240 минут тестілеу аяқталғаннан кейін оқушыға тағы 30 минут уақыт беріледі. Сол уақытты пайдаланып, келіспейтін сұрақтарын апелляцияға бере алады. Бірақ өз ұстанымын нақты дәлелдеп көрсетуі керек. «Осындай кітаптан оқығанмын. Есепті осындай жолмен шығардым» дегендей өз пікірін білдіреді. Апелляцияның екінші түрі – техникалық. Сұрақтың бір бөлігі көрінбей қалса, компьютер «қатып» қалған жағдайда, міндетті түрде техникалық апелляцияға беру керек.

– ҰБТ-ға қандай заттарды алып кіруге болады?

– Керек болған жағдайда, су. Бірақ біз оқушылардан суды үстелдің үстіне қоймай, аяқ жағына қоюын сұраймыз. Өйткені техникалық қауіпсіздікке байланысты суды компьютердің жанында ұстауға болмайды. Екінші, өзімен бірге жүрек жалғаймын десе, шоколад алып кіруіне болады. Менделеев, тұз ерігіштік кестесі мен есептегішті алып кіруге болмайды. Олар компьютердің ішінде бар.

– ҰБТ форматының өзгеруі тест тапсырмаларына әсер ете ме?

– Форматы өзгергенмен, тест тапсырмалары – 120 сұрақ сол қалпында қалды. Оның ішінде Қазақстан тарихы – 15 сұрақ, математика сауаттылығы – 15 сұрақ, оқу сауаттылығы 20 сұрақ және екі бейінді пәннен – 35 сұрақтан. Осы жылдың ерекшелігі – мәтінді сұрақ. Бейіндік пәндерден бір мәтінді сұрақ беріледі. Ол жерде бір мәселе баяндалады, сол бойынша бір дұрыс жауабы бар бес сұрақ қойылады. Бұл оқушының функционалды сауаттылығын анықтауға бағытталған. Бала ақпаратты есте қалай сақтайды, біле ме, білмей ме деген қабілетті көрсетпейді. Бала білетін ақпаратты қалай пайдаланады – соны көрсетеді. Биыл 130 мың бала электронды ҰБТ тапсырады. ҰБТ сұрақтары жыл сайын 30 пайызға жаңартылып отырады.

– ҰБТ бұрын 10 күннің ішінде өтетін еді. Енді 3 айда өткізілетін болды. Бұл сіздердің жұмыстарыңызға қандай да бір қиындық тудырмай ма?

– Биыл балалар негізгі ҰБТ-ны екі рет тапсыра алады. Екі тапсыру мүмкіндігі де тегін болады. Екеуінің нәтижесі де гранттар конкурсына қатысу үшін жарамды. Бала қай балын конкурсқа алып келетінін өзі шешеді. Әрине, біздің жұмыс істеу тәртібіміз өзгерді. Бір жағынан қиындаған да шығар. Бірақ бұл формат бізге тиімді деп ойлаймын. Өйткені өткен жылғы тестілеу кезінде біз 15 күн бойы түнімен таң атқанша нәтижелерді шығарып, жариялап, екі аптада ауыр графикпен жұмыс істейтінбіз. Қазір біз таңғы сегіз жарымда келіп, кешкі алты жарымға дейін барлық базаны жауып кете аламыз.

– Электронды ҰБТ-ны елді мекендер, ауылдық жерлердегі оқушылар қалай тапсырады?

– Еліміз бойынша 51 тестілеу орталығын аштық. Балалар тест тапсыру күнін өздері таңдап, сайтқа өтініш қалдырады. Тіркелу кезінде уақытын, жақын орталығын өз ыңғайына қарай белгілейді. Сондықтан түлектер тест тапсыруға өздері келуі керек. Бұрынғыдай ата-анасын артынан ертіп келіп, ғимараттың алдына тұрғызып қоймайды деп ойлаймыз. Ауылдағы мектептің оқушылары аудан орталықтарына барып тапсырады. Таңертең келуге үлгермесе, түстен кейінгі уақытта тапсыра алады. Бұл орталықтарды ашқанда балалардың саны, жолдың жағдайы, барлық факторлар ескерілді. 51 пункттің барлығына бірдей жағдай жасалған. Интернет, компьютер, камера, санитарлық талаптар 100 пайыз бірдей. Астанадағы Тәуелсіздік сарайындағы орталыққа қарап облыстағы кез келген аудандық пунктке барсаңыз да жағдайлары бірдей. Орындықтары, үстелдеріне дейін. Еш айырмашылық жоқ.

– Бақылаудың күшейтілуіне байланысты шектік балда өзгерістер бола ма? Гранттың бірнеше түрі шығады деп жатыр, сол жайлы айтсаңыз.

– Шектік балл аса өзгермеді. Неге? Себебі мен қазір наурыз айындағы сынақ тапсырған балалардың нәтижелерін бақылап көрдім. Шектік балды 60 пайыз оқушы жинаған. Өткен жылы 49 болған. Яғни 10-11 пайызға өсіп тұр. Орташа балл – 69. Өткен жылы 60 балл болған. Тағы да өсу бар. Бақылау қатаң болды. Көшіруге мүмкіндік бермедік. Сондықтан қазір көрсеткен білімдерін нақты көрсеткіш деп санаймын. Қашықтан оқу кезінде түлектерде ҰБТ-ға дайындалатын уақыт көп болды деп ойлаймын. Менің болжамым бойынша шектік балл жинау деңгейі сол бұрынғы шамада қалады. Шектік балл педагогика мамандықтарына 75 ұпайға өсті. Жалпы шектік балл – 50. Ұлттық университеттерге, медицина мен ветеринарияға түсу үшін – 65 балл. Биыл гранттардың да түрі әртүрлі болады. Яғни грантта оқып стипендия алмауы немесе стипендия алып жүріп грантта оқымауы мүмкін. Бұл құжат әлі шыққан жоқ. Сондықтан толық айта алмаймын. Қай мамандыққа қанша грант бөлінетіні жайлы ақпарат осы айда, ҰБТ-ға дейін шығып қалады. Бірақ педагогикалық мамандықтарға өткен жылғымен салыстырғанда грант саны тағы артады.

– Ал колледж түлектері мен оқуға түсе алмаған балалар үшін кешенді тестілеу қашан өтеді?

– 2019 жылдан бері КТ мен ҰБТ-ны біріктірдік. Колледжден кейін немесе өткен жылдың түлектері ЖОО түсем десе, барлығымен қатар ҰБТ тапсырады. Оларға да екі мүмкіндік беріледі. Дәл осындай форматта. Өздері келіп тапсырады. Өтінішті ҰТО сайтына бере алады.

Сұхбаттасқан
Көктем ҚАРҚЫН

12 ЖЫЛДЫҚ БІЛІМ: МАҚСАТ ҚАНДАЙ?

Қоғамның қазіргі геосаяси, экономикалық және әлеуметтік жағдайы, әлемдік білім кеңістігіне енуі еліміздің жалпы орта білім жүйесін жаңғыртуды, білім берудің мазмұны мен құрылымын қайта қарауды талап етеді. Бұл ретте заманға тез бейімделуге мүмкіндік беретін түбегейлі өзгерістер енгізу, ұстаздардың шығармашылығын шыңдау, интеллектуалдық, коммуникативтік, өзін-өзі үздіксіз дамыту басты мақсат болуы керек.

Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің «Ұлт жоспары – бес институционалдық реформаны жүзеге асыру жөніндегі 100 нақты қадам» бағдарламасында ЭЫДҰ елдері стандарттарының негізінде адам капиталының сапасын көтеру, 12 жылдық білім беруді кезең-кезеңімен енгізу, функциялық сауаттылықты дамыту үшін мектептегі оқыту стандарттарын жаңарту міндеттері айқындалған болатын (76-қадам). Баршаға мәлім, біздің еліміз сонау 1997 жылы дүниежүзілік білім кеңістігіне кіру туралы Лиссабон конвенциясына, 12 жылдық білім беру жүйесін ұстанатын 136 ел кірген Еуропалық кеңес декларациясына қол қойды. Одан басқа Балалар құқығы декларациясы, Болон декларациясы, Адамның мәдени, экономикалық, әлеуметтік құқықтары халықаралық декларациясы сынды әлемдік деңгейдегі келісімдерге қол қойылған. Мұның бәрі не үшін? Еліміздің өркениет қатарына қосылуы үшін. Ол үшін, әрине, ең алдымен білім деңгейін көтеру қажет.

12 жылдық білім беру жүйесіне кірудегі мақсат – отандық білімді 2011 жылы қабылданған білім берудің халықаралық жіктелімі деңгейіне көтеру.

Жаһандық бәсекеге төтеп бере алатын, мынау сынаптай сырғыған, жылдамдықпен жүріп жатқан өзгермелі заманда өмір сүруге тез бейімделетін ұрпақты дайындау үшін ғаламдық білімді игеру қажет екенін мойындауымыз керек. Ол үшін сол дамыған елдердің білім жүйесінің ағынынан қалмау керек. Осы ретте Ш.Уәлихановтың мына сөзі еске түседі: «Халықтың кемеліне келіп өркендеп өсуі үшін ең алдымен азаттық пен білім керек!».

Ал енді осындай мақсатты жол деп таңдаған 12 жылдық білімнің жайына тоқталайық. Елімізде таңдалып отырған модель – 5+5+2 форматы. Алғашқы саты – бастауыш деңгейде бес жыл, негізгі орта білім беру деңгейінде бес жыл, жалпы орта білім беру деңгейінде екі жыл.

Бірінші сыныпқа бала алты жастан барады. Бастауыш деңгейдің алғашқы екі жылында оқу ойын элементтері негізінде жүзеге асырылады. Мұндағы мақсат – баланың өзін-өзі таныту мүмкіндігі мен қоршаған ортаның шынайылығы туралы білімді игеріп, оқуға деген талабын қалыптастыру, яғни оқытудың келесі сатыларына қажетті танымдық қызығушылығын арттыруға жағдай жасау.

Көптеген елдерде бірінші сыныпқа алты жастан қабылдап, бастауышты бес-алты жыл оқытады. Мысалы, Еуропа мен Азия елдерін қатар қарасақ, Францияда, Германияда бес жыл, Оңтүстік Кореяда, Испанияда, Жапонияда алты жыл, Түркияда төрт жыл, т. с. с. оқытады.

Негізгі орта білім деңгейі – 6-10-сынып (12-16 жас). Оқу ұзақтығы – бес жыл. Мұнда бейіндік пәндерге басымдық берілетін болады, оқушыға ерте бастан кәсіп таңдауға мүмкіндік беріліп қана қоймай, оны сол кәсіпке бейімдеу әдістері жүргізіледі.

Оқушы бойында құзыреттіліктің төрт қырын дамытып, оқыту процесінде алған білімді өмірде қажетіне жарата алатын, кез келген мәселеде жылдам және ұтымды шешім қабылдай білетін, білімге құштар, бәсекеге қабілетті тұлға ретінде қалыптасады.

Жалпы орта білім (екі жыл) 11-12-сынып бейіндік оқу бағыттары бойынша пәндер комбинациясы беріледі. Оқушы өзі таңдаған мамандығына қарай қажетті пәндерді тереңдетіп оқиды. Білім алушының әрі қарай оқуын жалғастыруына немесе қалауына қарай қандай да бір кәсіптің негізін алуға жағдай жасалатын болады. Баршаңызға белгілі, қазіргі кезде ЭЫДҰ талаптары бойынша және халықаралық өлшемдер бойынша оқу жетістігін анықтауды жүргізетін халықаралық зерттеулер бар.

> 12 жылдық білімнің жайына тоқталайық. Елімізде таңдалып отырған модель – 5+5+2 форматы. Алғашқы саты – бастауыш деңгейде бес жыл, негізгі орта білім беру деңгейінде бес жыл, жалпы орта білім беру деңгейінде екі жыл

Соның бірі – PISA (Programme for International Student Assessment) деп аталатын, білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалаудың халықаралық бағдарламасы. PISA – оқу барысында алған білімдері мен дағдыларын күнделікті өмірде қолдана білу машықтарын, нақты бір оқу пәндерімен тікелей байланысты емес мәселелерді шеше білу құзыреттіліктерін бағалауға бағытталған жалпы білім беру сапасының мониторингтік зерттеуі. Бағдарламаны Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы жүзеге асырады және үш жылдық кезеңмен 2000 жылдан бері өткізіліп келеді.

Осындай халықаралық зерттеулерде оқу жетістігіміз көңіл көншітерліктей емес екені жасырын емес. Осы сынды халықаралық зерттеулер арқылы білім өлшемдері арқылы нәтиже көрінетін болғандықтан, халықаралық аренаға көтерілуді көксегендіктен, сол аренада жүрген, дамыған елдердің білім жүйесіне ену – заман талабы. Ол жүйе – 12 жылдық білім беру жүйесі. Әлемдік деңгейге жету үшін білімнің іргетасы дұрыс қалануы қажет.

Жалпы 12 жылдық жүйеде оқушының жүктемесін азайту көзделген. Бес күндік оқуға негізделген, оқу жүктемесі мейлінше төмендетілген оқу жоспары болады. Қазіргі таңда осы міндеттерге негізделе отырып, 12 жылдық білім беруге көшуде ең алдымен сондай биік мақсаттарды көздейтін білім стандарттары жасалуда.

Әрбір білім саласы бойынша (тіл мен әдебиет, жаратылыстану, адам және қоғам, өнер, технология, математика мен информатика, т. б.) білім мазмұны үш деңгейде біріздік пен сабақтастықты сақтайтын, ғылымның жаңадан ашылған жаңалықтарын қамтитын, ұлттық құндылықтарымыздың негізінде тәрбие беретін, өмір сүруге үйрететін, БҰҰ бекіткен тұрақты даму позицияларын қамтитын, өркениетке ұмтылуды көздейтін, халықаралық талаптарға сәйкес келетін тың бағдарламалар әзірлену үстінде.

Ең алдымен тәрбиеге баса назар аударылады. Дамыған елдерде білім беруде ең алдымен өздерінің ұлттық құндылықтарын негізге алады. Мысалы, Жапонияда жапон қоғамының нағыз мүшесін дайындау үшін бастауыш сыныптан бастап конфуцийлік мәдениетке негізделген дәстүрлі тәрбие жұмыстары жүргізіледі.

Баланың бойына адамгершілік қасиеттерін сіңіру үшін ұлттық тәрбие мектебін қалыптастыру қажет. Ұлттық тәрбие дегеніміз – бұл ана тілін білу, үлкенді сыйлау, кішіге қамқор болу, ағайын-туыстық қарым-қатынасты құрметтеу, жан-жануарларға жанашырлықпен қарау, т. с. с.

Осылайша тәрбие мен білімді ұштастыра отырып, жүрегі елге, жерге деген сүйіспеншілікке толы, тіліміздi қастерлей білетін, табиғатқа жанашыр, еліміздің дамуына үлес қоса алатын, жан-жақты білімді, қабілетті тұлға тәрбиелеп шығаратын боламыз. Білім берудің жаңа форматына көшудің нәтижесінде елімізде ұлттық модельдегі қазақстандық мектеп қалыптасады.

Шолпан ШҮЙІНШИНА,
Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы орта білім орталығының директоры

Балжан ТОРТАЕВА,
Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы орта білім орталығының аға ғылыми қызметкері

№47 (4171) 24/04/2021 Сенбі



ШАҒЫН БИЗНЕС ШАҢ ҚАУЫП ҚАЛМАСЫН

ол үшін әлемдік озық тәжірибеден үйрену керек

«Адам адамнан тәлім алып, ағаш ағаштан мәуе алатыны» сияқты мемлекеттер де бірінен-бірі тәлім алу арқылы өркендейді. АҚШ XX ғасыр басында Ұлыбританияны өзіне тәлімгер етіп, ақыры дамудың сара жолына түсті.

Соның нәтижесінде «бұрын шыққан құлақтан кейін шыққан мүйіз озып», XX ғасырдың басында өзінің ұстазы Ұлыбританияны басып озып, әлемдегі ең қуатты елге айналды. Содан бері АҚШ қазірге дейін әлемдегі экономика, мәдениет, ғылым-техника, әскери күш қуаты жағынан «ең дамыған ел» деген тәжін ешкімге бермей келеді. Әлем елдерінің де АҚШ-қа қарап бойын түзейтін дәстүрі бір ғасырдан бері еш өзгермей сақталып келе жатыр.

Қазіргі күнде экономикада АҚШ-пен құйрық тістесіп келе жатқан Қытай да осыдан қырық жыл бұрын өзінің реформа-есік ашу саясатын жүргізгеннен бастап ғалымдары мен экономистерін АҚШ-қа жіберіп, жыл бойы сонда жата-жастана жатып оның экономикалық дамуға қалай қол жеткізгенін әбден зерттеп, зерделеді. АҚШ-тың шағын орта бизнесті қалай дамытқаны жөнінде көптеген зерттеу мақалаларын жазды. Сосын зерттеу қорытындысын ел тізгінін ұстағандармен бөлісіп, оны өз елінің жағдайына жанды бірлестіре білді. Соның арқасында Қытай қысқа уақыт ішінде әлемде жаңа көркейген алпауыттардың қатарына қосылды. Ал еліміздің шағын, орта кәсіпорындардың тағдырын бір ғана одаққа, яғни бір «Атамекен» ұлттық палатасына тапсырдық. Үкіметтің құрамында шағын орта кәсіпкерліктің дамуын бақылап басқаратын арнаулы құрылым жоқ. Шағын және орта кәсіпкерлікті дамытуға байланысты атқарылып жатқан іс-қимылдарымыздың дұрыс-бұрыстығын саралап отыруымыз да жеткіліксіз. Ендеше біз де Қытай елі сияқты әлем экономикасының айнасы – АҚШ-тың шағын және орта кәсіпкерлікке қызмет көрсету жүйесін өз еліміз тұрғысынан салыстыра зерттеп үйренуіміз қажет секілді.

АҚШ қалай алға озды?

АҚШ-тағы шағын кәсіпкерліктің дамуында көптеген себептер бар. Оның ішінде ең маңыздысы – ғылым мен техниканың дамуы болса, екінші жағынан үкіметтің зор күшпен қолдау көрсетуі. Бұл ондағы шағын кәсіпорындардың дамуына тамаша шарт-жағдай мен өмір сүру мүмкіндіктерін беріп отыр.

АҚШ үкіметі мен үкіметтік емес ұйымдары шағын кәсіпкерлікке қызмет көрсетудің кешенді жүйесін құрып, шағын кәсіпкерлікті құру, оны дамыту мақсатында төмендегідей қызметтердің толық аспектілерін ұсынған.

Бірінші, ең алдымен шағын кәсіпкерліктің дамуына ықпал ететін заңды жолға қойды.

АҚШ сонау 1890 жылдың өзінде-ақ «Шерман актісін» қабылдап, бұл заң шағын кәсіпкерлерге монополияға қарсы күресте заңды негіздер мен кепілдіктер берген. Одан кейін іле-шала «Клейтон актісі» мен «Миллер-Тайдинг заңы», «Zeller-Kefauver актісі» қабылданып, монополияға қарсы заңдарды толықтырып және жетілдіріп отырған. Атап айтқанда, 1953 жылы қабылданған «Шағын кәсіпкерлік туралы заң» АҚШ-тағы шағын кәсіпкерлік саясатының негізін қалаған, осыған сәйкес шағын кәсіпкерлікті қолдауға бағытталған бірқатар саясат қалыптасқан. Сонымен бірге шағын кәсіпкерлікке арналған негізгі заңның орындалуына кепілдік беру үшін АҚШ «Адал бәсекелестік туралы заңды» және «Шағын кәсіпкерлікті инновациялау және дамыту туралы заңы» сынды қосымша заңдарын да жасаған.

Екінші, шағын кәсіпкерлікті бақылап басқаратын арнайы агенттік құрған. 1953 жылғы жолға қойылған «Шағын кәсіпкерлік туралы заңға» сәйкес, АҚШ федералды үкіметі шағын кәсіпкерлік саясатын жүзеге асыруды қамтамасыз ететін шағын кәсіпкерлік бюросын құрған. Бұл агенттік заң шығару, қаржыландыру, технология, оқыту-даярлау, ақпарат және кеңес беру тұрғысынан шағын кәсіпкерлікті басқару және оған қызмет көрсетуде. АҚШ федералды үкіметінің тәуелсіз агенттігі болып, қазір шағын кәсіпкерлік әкімшілік басқармасында 4000-нан астам қызметкер жұмыс істейді. Бас басқарма Вашингтонда орналасқан, басқарманың он ірі қалада филиалы бар. Бүкіл ел бойынша 100-ден астам жергілікті агенттіктері бар. Шағын кәсіпкерлік әкімшілік басқармасының негізгі функциялары: шағын кәсіпорындарын дамыту саясаты мен шараларын жолға қою; шағын кәсіпорынның даму жоспарларын құруға көмектесу; шағын кәсіпорынның бизнес стратегиясы және басқа аспектілері бойынша кеңес беру; шағын кәсіпорындарды отандық және шетелдік озық технологиялармен, сондай-ақ нарық ақпараттарымен қамтамасыз ету; шағын кәсіпорындардың менеджерлері мен қызметкерлерін оқыту, қайта дайындау; даму барысында кездесетін қиындықтан шығуына көмектесу. Президент пен Конгрестегілердің шағын кәсіпорындарын дамытудағы маңызды мәселелерді уақытылы түсінуіне және олардың ықпал етуіне мүмкіндік жарату үшін, сондай-ақ Ақ үйдің шағын кәсіпкерлік комитеті мен Конгрестің шағын кәсіпкерлік комитетін құрды. Бұл комитеттер шағын кәсіпкерлік бюросымен селбесе отырып жұмыс істеді. Осылайша, заң шығарушы және атқарушы органдарды қамтыған шағын кәсіпкерлікті басқару агенттігі қалыптасқан.

Үшінші, шағын кәсіпкерлікті қаржыландыруға қолдау көрсеткен.

1. Несиелік қолдау арқылы қаржыландыру. АҚШ-тың шағын кәсіпкерлік жөніндегі әкімшілігінің (SBA) міндеті – банктерді шағын және орта кәсіпорындарға кепілдік арқылы несие беруге тарту. Нақты әдістері мынадай: Бірінші, кепілдендірілген несие беру. SBA 750,000 АҚШ долларынан төмен несиелер үшін қарыздың жалпы сомасының 75 пайызына кепілдік береді, 100000 АҚШ доллары мөлшеріндегі несиелер үшін 80 пайыз кепілдік береді, несиені қайтару мерзімі – 25 жылға дейін. Екінші, азшылық топтар мен әйелдер ашқан кәсіпкерлікке кепілдендірілген несие беру. SBA оларға 250000 АҚШ долларынан төмен несие үшін 90 пайыз кепілдік бере алады. Үшінші, аз мөлшерде «Экспресс-несие» жолға қойылған. Шағын бизнес үшін шұғыл қажетті «жылдам» несиелердің 50 пайызына кепілдік беріледі. Төртінші, экспорттық және халықаралық сауда компаниялары үшін несиелік кепілдіктер, негізінен, жалпы кепілдіктермен бірдей. Соңғы жылдары АҚШ-тың Шағын кәсіпкерлік басқармасы 25000 АҚШ долларынан аспайтын кейбір шағын несиелік бизнесті тіке өз қолына алды. Оны сауда палаталары және басқа коммерциялық делдал ұйымдар арқылы шағын бизнес иелеріне несие ретінде беріп отыр.

2. Венчурлық капиталдармен қаржыландыру. Венчурлық қор – бұл жоғары технологиялық шағын кәсіпорындардың инновациялық қызметі үшін үкімет немесе жеке сектор құрған тәуекелі жоғары және кірістілігі жоғары арнайы инвестициялық қор. Құрама Штаттарда венчурлық капиталдың ең озық қорлары бар, олар бүкіл ел бойынша 500-ден астам шағын кәсіпкерлікті инвестициялау фирмаларын қамтиды, олардың көпшілігі шағын, жоғары технологиялық кәсіпорындарға қаражат береді.

3. Өнімді өткізу және нарықты кеңейту қызметтері тұрғысынан. SBA және оның қызмет көрсету агенттіктері, негізінен, мынадай үш шара қабылдады: мемлекеттік сатып алу туралы келісімшарттар жасау, шағын кәсіпорындар мен ірі кәсіпорындарын сәйкестендіру, шағын кәсіпорындар өнімдерін экспорттау.

Төртінші, салық жеңілдіктерін енгізу саясатын жолға қойған. АҚШ шағын кәсіпкерлік субъектілерінің салық ауыртпалығын төмендету мақсатында шағын кәсіпкерлік субъектілері үшін салық жеңілдігі саясатын жолға қойды. Олар мыналар: шағын кәсіпорынның жаңа инвестицияларына салынатын салықты азайту; кәсіпорын табыс салығының ставкасын төмендету; амортизацияны жеделдету; арнайы технологиялық салық жеңілдіктерін енгізу, сондай-ақ кәсіпорындардың ғылыми-зерттеу жұмысына бөлінетін қаржы салығын жеңілдету, т. б.

Бесінші, әлеуметтік қызмет көрсету мен шағын кәсіпкерлікке арналған қызметтердің толық аспектілерін ұсынған.

Алтыншы, шағын кәсіпкерліктің дамуына қолайлы жағдай жасалған. Шағын кәсіпкерлік әкімшілігіне қарасты шағын кәсіпкерліктің өкілі деп аталатын арнайы агенттік бар. Бұл агенттік бүкіл ел бойынша шағын кәсіпкерлермен тікелей байланыс орнатып отырады. Ол сондай-ақ шағын кәсіпкерліктің қиындықтары мен қажеттіліктерін Конгресте және басқа да федералды мекемелерде жеткізіп отырады, сол арқылы олардың мүдделерін қорғайды. Әрбір индустриалды аймақтарда шағын кәсіпкерлікке қызмет көрсететін коммерциялық-сауда ұйымдарын, техникалық басшылық орталықтары мен оқыту және білім беру орталықтарын құрып, осы арқылы өзара ынтымақты шағын кәсіпкерлік топтарын және шағын кәсіпкерлікті қолдау жүйесін қалыптастырған.

Жетінші, интернет арқылы ақпараттық кеңес беру қызметі шағын кәсіпкерлікке қызмет көрсету жүйесінің басты ерекшелігі болған. SBA-ның шағын кәсіпкерлікке арналған веб-сайты – АҚШ-тағы ең көп қолданылатын және танымал веб-сайт. Бұл сайт – АҚШ-тағы алдыңғы қатарлы сайттардың бірі. Орта есеппен аптасына 10,5 миллион рет қаралады. Осы сайттан шағын кәсіпкерлікті ашу және оны дамыту туралы кез келген ақпаратты алуға болады.

Сегізінші, кадрларды дайындау да шағын кәсіпкерлікке қызмет көрсету жүйесінің маңызды бөлігіне айналған. SBA жергілікті өзін-өзі басқару органдарымен және университеттермен ынтымақтастықты жолға қойды.

Тоғызыншы, кәсіпкерлікке кеңес беру және ақпараттық кеңес беру қызметі де АҚШ-тың шағын кәсіпкерлікті дамыту үшін маңызды көмекші шара болып табылады.

Қазір ШОБ АҚШ-та 90 пайыз жұмыс орындарын қамтамасыз етеді және ЖІӨ-нің 60 пайыздан астамын құрайды. Өнер табыстары мен инновациялардың көп бөлігі ШОБ-қа тиесілі (осыдан 20 жыл бұрын Google және Facebook компаниялары да шағын кәсіпорын болатын). Бір сөзбен айтқанда, ШОБ – АҚШ экономикасының тірегі.

Еліміздің шағын, орта кәсіпкерлікке қызмет көрсету жүйесі қандай?

АҚШ-тың ШОБ-қа қызмет көрсету жүйесі бойынша Қазақстанның ШОБ-қа қызмет көрсету жүйесі қандай екен деп «ШОБ-ты қолдайтын қандай заңдар бар екен?» деген сауалмен Google-ға жүгініп көрдік. Өкінішке қарай, 2006 жылы Қазақстан Республикасының 2006.01.31. №124 заңымен күші жойылған «Шағын кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау туралы» заңын ғана байқадық. Одан басқа арнаулы «ШОБ-ты қолдау заңы» деген заңды байқамадық.

АҚШ-тағыдай шағын кәсіпкерлікті бақылап басқаратын қандай да бір арнаулы агенттік бар ма екен деп ҚР Үкіметінің порталын да қарап көрдік, арнаулы ШОБ-ты қолдайтын ешқандай агенттікті таппадық. Ұлттық экономика министрлігі сайтынан да қарадық, ондай бір комитеттің бары білінбейді.

Мен Нұр-Сұлтан қаласында шағын кәсіпкерлікпен айналысқаныма биыл жеті жылдың жүзі болды. Қазірге дейін «Сенің қамқоршыңыз бізбіз, жұмысың болса бізге айт! Біз сені бақылап басқарамыз!» деген бір құзырлы мекемені көрген жоқпын. Шындығында, шағын кәсіпкер ретінде мұң-зарыңды айтайын десең кімге барарыңды білмейсің.

Өткен жылы Қазақстанның ЖІӨ-дегі ШОБ үлесі 29,5 пайызды құрады. Ал Нұр-Сұлтан қаласында 2020 жылдың 1 қаңтарындағы жағдай бойынша елордада 167183 шағын және орта бизнес субъектісі тіркелген. Оның 68483-і – заңды тұлға, 98364-і – жеке кәсіпкер және 336-сы – шаруа қожалығы. Бұл көрсеткіш 2019 жылмен салыстырғанда 3,1 пайызға артқанмен, ШОБ үлесі әлі де төмен.

Шағын кәсіпкерлікті қаржыландыруға қолдау көрсетуге келсек, бізде де АҚШ тағы SBA секілді «Даму» қоры бар. Алайда «Даму» қорының қаржылық қолдауы АҚШ тағы SBA-мен салыстырғанда жер мен көктей екен. Аталмыш қор 6 пайыз сыйақымен несие беру және несие сомасына 50 пайыз кепіл болу, несие сомасын ең көп болғанда 10 жылға немесе 3 жылға ай сайын бөліп өтеуге банк арқылы береді.

Елімізде шағын бизнестің қазіргі пайда пайызының төмендігіне байланысты өндірісті 10 жылда, сауда сервисін 3 жылда мүлдем аяғынан тұрғызу мүмкін емес. Сондықтан «Даму» қорының берген несиесінің уақыты тым қысқа. Кепілдік мөлшерлемесі салыстырмалы түрде аз. Іс жүзінде «Даму» қорының қазіргі қолдауы шағын кәсіпкерлікті ұзақ мерзімді тұрақты дамытуға әлі де болса жеткіліксіз.

Қазақстанда АҚШ-тағыдай әлеуметтік қызмет көрсету мен шағын кәсіпкерлікке арналған қызметтердің толық аспектілері ұсынылмаған. «Атамекен» ұлттық кәсіпкер палатасы – ҚР-дағы барлық кәсіпорындардың аталмыш бірден-бір «иесі». Егер кәсіпкер қиындыққа тап болса, мәселе «Атамекен» арқылы шешілуге тиіс. Бірақ «Атамекен» ұлттық кәсіпкерлер палатасы барлық мәселені шешуге қауқарсыз. Ол тек кәсіпкерлер одағы ғана. Белгілі бір құзыретті орган емес. Әлеуметтік қызмет көрсету мен шағын кәсіпкерлікке арналған қызметтердің толық аспектілері тек бір кәсіподақ емес, шағын орта кәсіпкерлікті бақылап басқаратын құзыретті орган арқылы тіке шешілуге тиіс. Соңғы кездері құрылған кәсіпкерлерге қызмет көрсету орталығы да бұл қажеттен шыға алмай отыр.

Ұлы Абай «Болмасаң да ұқсап бақ, бір ғалымды көрсеңіз, ондай болмақ қайда деп айтпа ғылым сүйсеңіз» деп бекер жазбаса керек. Сондықтан АҚШ-тың зерттеп-зерделеп «болмасақ та, ұқсап бағайық!».

Ербосын НҰРМҰХАНҰЛЫ,
экономист

МАРКЕТИНГ – КӘСІПКЕРЛІК «ТҰЗДЫҒЫ»

Жаһандық даму кәсіпорындар арасындағы бәсекелестікті арттырып, тұтынушылар үшін күресті күшейтіп келеді. Бүгінде «маркетинг» ұғымы кез келген ортада кең таралған. Маркетинг – сіздің кәсібіңіз жайында ештеңе білмейтін адамға сататын қызметтеріңізді әдемі, тиімді және пайдалы екендігін көрсететін құрал, яғни тұтынушының ойында кәсіпорын қызметін немесе тауарын сатып алуға деген мотивін ояту. Ендеше маркетингтің бүгіні мен болашағына көз салсақ.

«Маркетинг – бизнестің «тұздығы». Оның міндеті – керемет дәм беру және тұтынушыда сатып алуға деген құштарлықты ояту» деп А.Панкрухин айтқандай, маркетинг кәсіпкерлікте шешуші рөлге ие. Соңғы жылғы атышулы пандемия маркетингтің маңызын асырмаса, түсірген жоқ. Кәсіпорындар арасындағы тұтынушыға деген талас күннен-күнге күшейіп, маркетингтік әдіс-тәсілдер мен технологиялар уақыт өткен сайын дамып, тіпті таңғалдырып келеді.

Мысалы, бәріміз білетін Instagram желісінде таргетинг қызметі арқылы компания өзінің өнімі немесе қызметіне қызығып жүрген тұтынушыларға жарнамасын тікелей көрсете алады. Таргетингте жарнама көрушілердің жасы мен қызығушылықтарын, тұрғылықты жерін, уақытын таңдауына болады. Осы арқылы жарнама сатып алу мүмкіндігі жоғары тұтынушыларға көрінеді және компанияға үлкен табыс алып келе алады. Сонымен қатар жасанды интеллект те маркетингте қолданыла бастады. Олар 24 сағат бойы сізге қызмет көрсетуге, кеңес беруге дайын. Осы арқылы тұтынушылар компания қызметін қалаған уақытында тұтына алады.

ҚАНДАЙ МАРКЕТИНГТІК МЕКТЕПТЕР БАР?

Статистикаға сүйенсек, әлеуметтік желілердегі жарнамалық бюджеттер бүкіл әлемде екі есе өскен. 2018 жылы 16 миллиард долларды құраса, 2020 жылы 31 миллиард долларға жеткен. Демек, бұл кез келген бизнес үшін жарнамалық бюджеттің ұлғайып жатқанын көрсетеді.

Қазақстан маркетингке арналған бюджет көлемі бойынша Словения мен Румыния арасында тұр. Жарнамаға бір қазақстандыққа 7,76 доллар жұмсалады. E-Marketer және «Орталық Азия жарнама қауымдастығы» сарапшылар комиссиясының деректері бойынша АҚШ-та бұл көрсеткіш бізден 100 есеге артық, яғни 677,1 доллар. Еліміздің цифрлық медиаресурстардағы жарнамасының көлемі 2020 жылы 49,76 млрд теңгені құрады. Бұл ретте отандық нарыққа осы кезеңде компаниялар 14 млрд теңге немесе 40 млн доллар бөлді. Әрине, бұл маркетингтік мектептер санының артуына алып келді. Бүкіл әлемдегі маркетингтік мектептердің көздеген мақсаты бір: өз шәкірттеріне қаржы мен уақытты үнемдейтін ең жақсы маркетингтік стратегияларды үйрету және нұсқау беру. Әлем бойынша топ-3 маркетингтік мектеп қатарына Нотр Дам университеті, Флорида университеті, Сент-Джозеф университеті кіреді. Оларда оқу құны – жылына 43-50 мың АҚШ доллары.

Қазақстанда маркетинг саласы енді ғана дамып келеді. Сондықтан да нақты мына мектептер мықты деп айту және салыстыру қиын. Сонда да осы салада жоғарғы көрсеткіштер көрсетіп жүрген оқу орындарына тоқталып кетсек. Бірінші орында – Назарбаев университеті. Оқу құны – жылына 19 мың АҚШ доллары немесе 7467000 тг. Екінші орында – Сүлеймен Демирел атындағы университет. Оқу құны – жылына 6 мың доллар немесе 2100000 тг. Үшінші орында – соңғы кезде үлкен танымалдылыққа ие болып жүрген Шонбай онлайн-университеті. Оқу құны – 3 айға 405 доллар немесе 169000 тг.

ОТАНДЫҚ БРЕНДТЕРДІ МОЙЫНДАЙТЫН УАҚЫТ ЖЕТТІ

Әлемдік брендтерді таңдау беделді деп саналатын уақыт біртіндеп өтіп жатыр. Бұрын қазақстандықтар Louis Vuitton сөмкелерімен жүруді, Gucci аяқ киімін киюді ұнататын болса, дьюти-фриден элиталық брендтердің парфюмериясын алып, үйге италиялық жиһазға тапсырыс берген болса, қазір бізде сапалы өнім шығаратын және оны тек Қазақстанда ғана емес, сондай-ақ бүкіл әлем бойынша экспорттайтын дарынды кәсіпкерлердің тұтас тобы пайда болды. Әлемдік брендтермен бәсекеге түсе алатын отандық өнімдердің тізімі өте көп. Сондықтан барлығын қамти алмасақ та, бірнешеуіне тоқталсақ:

1. LOTUS ORGANICS @ lotusorganics_co

Әлемде балдырлар бактериялары негізінде биотехнологиялық штамдардың патенттелген өнімдерін шығаратын жиырма шақты компания бар. Органикалық бактериялар өндіретін Lotus Organics зауытының бірі Қазақстанда, Түркістан облысында орналасқан. Оның негізін қалаушылар – Азамат Ибадуллаев және ғалым Фархад Омаров, биология ғылымдарының докторы. Олар бірінші болып спирулина мен хлорелла-органикалық бактерияларды өсіре бастады және оларды Еуропаға килограмы 600 евродан экспорттады. Түркістан облысында бактерия өсіру үшін барлық жағдай жасалған, демек біздің еліміз өзін органикалық өнімнің ең мықты өндірушісі ретінде көрсете алады.

2. ARGYMAQ @argymaq

ARGYMAQ брендінің негізін қалаушы Сүлеймен Задин ұзақ уақыт бойы Қазақстандағы люкстік маркалармен жұмыс істеген. Алынған тәжірибе мен байланыстар негізінде Сүлеймен өзінің argymaq былғары аксессуарлар брендін жасауға шешім қабылдап, бір жылдан аз уақыт ішінде Hugo Boss, Montblanc және басқа да әлемдік брендтердің әмияндары мен валюташыларын басып озып, қазақстандық ерлер арасында танымал болды. Argymaq өнімдері ұлттық стильдегі жылқылар, қарлығаштар, қызғалдақтар секілді авторлық басылымдармен ерекшеленеді.

3. VINO BIKE @vinobike

Vino Bike – аты аңызға айналған велошабандоз, Олимпиада чемпионы Александр Винокуров негізін қалаған веложарыс бренді. Оның есімінің өзі бренд, сондықтан оның жобалары өте танымал. Велосипедтерден басқа, Vino Bike өнімдерінің қатарында велоспортпен айналысуға арналған аксессуарлар мен киім-кешек ұсынылған.

Қорытындылай келе айтайын дегенім, маркетингтің не екенін түсіну жеткіліксіз, іс жүзінде маркетингтік стратегияларды үнемі жүзеге асырып отыру керек. Сонда сіз өз бизнесіңізде үлкен жетістікке жетесіз.

Мардан НАРЕН,
Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті экономика факультетінің магистранты

АДАМДАРДЫҢ КӨЗҚАРАСЫН ӨЗГЕРТКІМ КЕЛЕДІ

Полиэтиленді пакетті қылқалам мен бояуға айналдырған заманауи суретші Сәуле Сүлейменова жаңа туындысын ұсынғаны белгілі. Картинаға қолданыстағы 5500 пакет қолданылған. Елорданың экология мәселесінен сыр шертеді. Суретші өзгеше өнер арқылы экологиялық мәселені көтеріп, тұрғындарды полиэтиленді пакеттен барынша бас тартуға шақырады. «Жетісу» саябағының төріне қойылған туынды қала тұрғындарының қызығушылығын оятып, желі қолданушыларының да көңілінен шықты. Кейін көркем туынды Алматы халқының назарына ұсынылды. Осы орайда әлемдік мәселенің шешімін табуға атсалысып жүрген суретшімен сұхбаттасқан едік.

Сәуле СҮЛЕЙМЕНОВА – ҚР Суретшілер одағының мүшесі, ҚР Президенті сыйлығының стипендианты, халықаралық «Шабыт», «Жігер» сыйлықтарының иегері. Целлофан суреттерімен танымал, заманауи суретші.

– Экология мәселесі қашанда өзекті. Идеяның авторы өзіңіз бе?

– Сайын дала – Қазақ елінің символы. Әрбір қазақтың мақтанышы. Сондай- ақ әр қазақстандықпен байланысты. Өйткені кең даланың қай жеріне қарасаңыз да полиэтиленді пакет, бөтелкені көресіз. Оны тастаған да өзіміз. Полиэтиленді пакеттер қырда шашылып жатыр, шөп, ағаш бұталарына байланып қалған. Тіпті жерді қазсаңыз, топырақ арасынан пакеттің шығуы бек мүмкін. Олар өзгеріске ұшырамайды. Қанша жыл тұрса да өздігінен жоғалып кетпейді. Біздің айналысатын мәселеміз – осы. Бұл идеяның бастамашысы – Қазақстанның экологиялық ұйымдар қауымдастығы. Қауымдастықтың ұсынысымен табиғатты қорғау күніне орай көркем туынды әзірлеу қажет болды. Экология мәселесін көтеру үшін табиғатқа ең зиянды полиэтиленді пакеттермен сурет салу халықтың санасына әсер ететіні анық. Сондықтан қаншама жыл тұрса да өздігінен жойылып кетпейтін пластиктің көмегімен қазіргі қала көрінісін сипаттағым келді.

– Сонда қоғамдық сананы өзгерткіңіз келе ме?

– Өнердің адамдардың көзқарасын өзгертетініне, дұрыс бағыт беретініне сенемін. Ол үшін тек шындықты көрсете білу қажет. Менің мақсатым да сол. Туындыларым арқылы өзекті мәселені көтеру, қозғау – мұратым. Суретшілерді әруаққа теңеп жатады. Мен оған сенемін. Тылсым күш, әруақтар менің еңбегім мен өнерім арқылы адамзатқа қордаланған мәселені жеткізгісі келетіндей.

– Полиэтиленді пакетпен сурет салу өнерін қашан және қалай меңгердіңіз?

– 16 жасымнан сурет саламын. Жаным ауырғанда емін осы бейнелеу өнерінен таптым. Сол кезден бастап суретші екенімді ұқтым. Бірақ мамандығым – архитектор. Ал пакеттер мені 2014 жылдан бері қызықтырады. Алғашында пакеттерден гүлдер жасап, оларды әйнектердің үсті-үстіне қойып картина жасадым. Көрмеге қойылған. Ол кездегі жұмысым өте қарапайым еді. Кейіннен осы өнер түріне қызығушылығым оянып, барымды салып қыр-сырын үйрендім.

– Бұл картинаның астары қандай?

– Әлем пакеттен бас тарта алмай келеді. Пластик қалдықтары жаһанды жайлаған. Күнде дүкенде сауда жасағанда бізге пластик пакет береді. Оларға екінші өмір сыйлауға болады. Пластик қарапайым мұнай өнімі болса да, кесек алтынға, құнды металға, асыл тасқа балаймын. Әдемілік бар. Осы әдемілікті бағалап, адамдар пакеттерді қолданған соң, қоқыс жәшіктеріне салса, қайта өңдеуге жіберуге көмектессе екен. Әрі осылайша табиғаттың әдемілігін сақтауға пайдасын тигізер еді.

> 16 жасымнан сурет саламын. Жаным ауырғанда емін осы бейнелеу өнерінен таптым. Сол кезден бастап суретші екенімді ұқтым. Бірақ мамандығым – архитектор. Ал пакеттер мені 2014 жылдан бері қызықтырады. Алғашында пакеттерден гүлдер жасап, оларды әйнектердің үсті-үстіне қойып картина жасадым. Көрмеге қойылған. Ол кездегі жұмысым өте қарапайым еді. Кейіннен осы өнер түріне қызығушылығым оянып, барымды салып қыр-сырын үйрендім

– 5 мыңнан аса пакетті қалай жинадыңыз?

– «StopMusor» әлеуметтік жобасы аясында қаланың үш саябағынан 4000-нан аса пакет жиналды. Қосымша эко-бокстар ZETA дүкендерінде орнатылып, тағы 1500 пакет қосылды. Бәрін белсенділер жинап берді. 2015 жылы «Келін» жобасын жасадым. Көлемі – 6х4 метрлік ауқымды целлофанды портрет. Сол кезден бастап адамдардан пакет сұрай бастадым. Пакеттерін маған өздері алып келетіндер көп. Көршілерім, достарым, туған-туысқандар әдемі пакеттерін тастамайды, маған жинап береді. Әбден үйреніп алған. 2017 жылы Алматы мен елордада ауқымды көрме ұйымдастырдым. Сол кезде пакетке қарқ болғанмын. Өткен жылы Берлинде өткен шеберлік сабақтарынан қалған пакеттер тағы бар. Үйімде бұл өнімнен көрме өткізуге болады. Мен өз ісімді жақсы көремін, пакет жинау да мені қатты шабыттандырады. Олар өмірімнің бір бөлшегіне айналғалы қашан...

– Картинаға бірде-бір бояу қолданбаған екенсіз. Түрлі түсті пакетті табу қиынға соқпады ма?

– Полиэтиленді пакеттердің түрі де, түсі де көп. Кемпірқосақтағы барлық түсін табуға болады. Сол секілді пакеттегі жазулар мен бренд атауында неше түрлі ой, пайым бар. Мұның бәрі тура біздің өміріміз секілді ащы да тәтті, күлкілі де қорқынышты, әдемі әрі сұрықсыз. Олардың әрқайсысы туындыға өзінше реңк береді. Менің «Остаточная память» атты туындым бар. Қазақ халқының басынан өткен қиын күндер суреттелген. Ашаршылық, желтоқсан оқиғасы мен зұлмат жылдар жайлы. Соған тек қара, ақ немесе қоңыр мен сары түсті пакеттер қажет болған. Ондай түстегілерін табу қиын, ізденісті талап етеді. Қазірдің өзінде көшеде қоңыр түсті пакет ұстаған адамды көрсем, жанына жүгіріп барып сұрап алғым келіп тұрады. Ондай бағытта сурет салмағаныма біраз болды, дегенмен ауру қалғанмен, әдет қалмайды екен.

– Пакеттердің бір-біріне жабысуы да қиын ғой. Қалай іске асырдыңыз?

– Иә, дұрыс айтасыз. Бірде құрылыс заттар базарында сатушының «пластик пластикке жабыспайды, оны тек ыстықпен, яғни термо пистолеттің және силиконның көмегімен «дәнекерлеу» керек» деп айтқаны бар. Содан бері клей пистолет пен полигаль (қалың мөлдір пластик парақтар) қолданып келемін. Пакеттер жоғары температурада ерітілгенде ғана екінші бір пластикке жабысады екен.

– Бұл туындыға қанша уақыт арнадыңыз?

– Жобасын бір ай ойландым. Композициясына екі күн кетті. Жұбайым Қуаныш Базарғалиевпен бірге күніне 12-14 сағат жұмыс істеп, бас-аяғы үш тәулікте осындай дүние жасап шықтық.

– Еңбегіңіз еленіп жатыр ма?

– Үкімет тарапынан өнерге қолдау қажет. Заманауи сурет өнері тіптен мұқтаж. Дегенмен мен өз есебімнен өмір сүремін. Дәл қазір деңгейімді, мүмкіндігімді біреуге дәлелдеу қажет емес. Ал жас суретшілерге ол үшін еңбек ету қажет, қолдау керек.

– Бұл өнер түрі қаншалықты дамыған?

– Оңтүстік Африкада полиэтиленді пакеттерді пайдаға жаратып отырған бүтін бір ауыл бар. Олар пакеттен кілем, сөмке, дорба жасап саудаға шығарады. Пакетпен сурет салып жүрген суретшілер де бар, бірақ көп емес. Өз басым бұл өнер түріне оқыған емеспін, ешкімнен үйренген жоқпын. Өз техникам бар. Сондықтан дәл мен сияқты пакетпен сурет салатын жандар жоқтың қасы.

Сұхбаттасқан
Наима НҰРАЛЫҚЫЗЫ

СЕНІМІҢДІ СЕРІК ЕТ...

Осы күні «тәңіршілдер» деген атты жамылған аз топ тек қана мұсылмандардың дін-сеніміне тиісетін болып алды. Аузымызды ашсақ, арабқұл деп азғырып, күстәналайды. Еліміздегі басқа дәстүрлі дін болсын, қаптап жатқан ағым-секталардың мәселесі оларды ойлантпайды. Айналып келіп соғатыны – ислам. «Сендердің діндерің өздеріңе, менің дінім өзіме» дейтін сүрені білгенде мұндай әбестікке бармас еді деп өзімді жұбатамын да қоямын. Өзге дінге толеранттылық, өзгенің сенімін құрметтеу деген не? Бұл ереженің тәңіршілдерге қатысы жоқ па?!

uaisova.a@mail.ru

Айгүл УАЙСОВА

Астанаға алғаш келгенімде жетпіске жетіп қалған орыс апамның пәтерінің бір бұрышында тұрдым. Жап-жақсы, құдай деген кісі. Күйеуінің қайтқанына көп болмаған. Маған берген бөлменің жартысында Таня деген студент бар екен. Өзі залында жатады. Бұрындары көрмегенімнен болар таңғалғаным, бөлмесі жағалай үлкенді-кішілі икондарға толы екен. Таняның да кереуетінің бас жағында біреуі тұр. Сұрастыра келе, біздің әулиелерімізді дәріптегендей, бұлар да әулиелерінің суретін салып қояды екен. «Бұл – жалаңаяқ Матрона. Баласы жоққа бала береді, ауруыңнан жазады. Соғыс кезіне дейін өмір сүрген, Сталинмен кездесіп, соғыстың жайын айтқан» дейді. Өзі Санкт-Петербургке басына арнайы зиярат етіп барып келген екен. Жарайды. Менің тұсымда ілулі тұрған ештеңе жоқ. Ақшасы төленген, өз аумағымда намаз оқимын. Ешкімнің шаруасы жоқ. Тек намаздың уақытымен Таняның ас үйдегі шаруасы қатар келетін болды.

Күндердің күнінде түсіме Иса пайғамбар кірді. Дәл сол орыс апамның үстелінің үстіндегі крестке керіп қойған бейне. Басын айналдыра кигізген тікенді дестесі көзіне түсіп кетіп, аяғанымнан сәл көтеріп қойдым. Ертесіне орыс апама айтып едім, бұлан-талқаны шығып ренжігені. «Мен өмір бойы Құдайға сыйынып келемін. Бірде-бір рет түсіме енген жоқ, еще қызмет көрсетіпсің» дейді. «Айнала икондар, одан басқа түсіме не кіреді?» деп күліп қоя салдым.

Содан көп ұзамай олардың діни мерекесі басталды. Газеттің тілшісі ретінде шіркеуге жұмсады. Бармаймын деп айтуға болмайды. Жексенбі күні ақырындап алғаш рет шіркеудің есігін аттадым. Бұл да бір Жаратқанды ұлықтайтын жер ғой, мешіттегідей жәшігі болса ақша салайын деп іздеп едім, көзіме түспеді. Кіреберісінде шырақ сатып алатындардың кезегі бар екен. Кідірместен орталық залына көтеріліп, жиынның ресми басталуын күттім. Айналама ақырын көз салсам, түсіме енген бейне алдымда тұр. Жұрт жапырлап шырақ қойып жатыр. Түсім есіме түсіп, бір шырағын қоя салайын деп ойладым. Бірақ шырақ сатып алғанға дейін кезек бар, өзгелердің сенімін құрметтеп, килікпейін деп ойладым. Содан сегіз-тоғыздардағы бір қыз бала сол күні шоқынған екен, қасыма келіп әңгімелесті. Қолына ақша бердім. Шырақты алып келді. Өз дінің өзіңе десем де, шырақты жағу қиынға түседі екен. Соны байқады ма, қыз бала дереу менің қолымнан ұстап, өзі жақты. Енді не істейін деп дағдарып қалып едім, «мұнда» деп періште қыз қолымды апарып шырақты орнына қойды. Мен де Жаратушысына сыйынғандардың сеніміне, көңіліне қаяу түсірмей, өз сеніміме селкеу тигізбей, ойыма алған нәрсені оңынан түсіріп, ертесіне «Рождество рәуіштері» деген мақала жаздым. Тек бұл ғана емес, католиктердің, еврейлердің діни жетекшілерінен сұхбат алып, сабырлық, діни толеранттық, тағаттылық деген тақырыпты газет бетінде көтеріп, жазып жүрдім.

Енді мұсылман бауырлардың бір-бірінің сеніміне тағатсыз болып, сынап-мінеуінің үдеп бара жатқаны жақсылыққа апармайтын сияқты. Егер бізбен болмаса, бәрі маған жау деген сөз мына жаһандану заманында орға жығатыны анық. Өзгелердің ортасында өз дінімізді, өз сенімімізді жоғалтпай ғана өзімізді сақтап қаламыз. Осы тар жолда тәңіршілікті таңда деуге, менің дінімді жамандауға ешкімнің қақысы жоқ. Тек діни сенімдерімізде емес, тұрмыстың әрбір сәтінде бір-бірімізге мейірімді болмасақ, мына қатыгез дүниені өзгерту қиын болар...

Орыс апам не болды дейсіздер ғой. Аяқ астынан Мәскеудегі немересі келетін болып үйді босатқанбыз. Арада аз уақыт өткен жоқ, немересі келе алмады ма, апам қоңырау шалды. Жағдайымды біліп, бос орын барын айтып, бірге тұруға шақырды. Мен жұмысымның сол жағалауға көшіп кеткенін айтып алғысымды білдірдім.

Ана тілінен ажыраған адам тұтас тамырынан айырылған терекпен тең. Әрі қарай өспейді, өнім бермейді. Халқымыздың асыл перзенті Шерхан Мұртаза «Тілі бар халық – халық, тілі жоқ халық – балық» депті. Тіл – біздің жанымыз, бүгініміз де ертеңіміз. Сондықтан тілінен айырылған елдің өзі де бірте-бірте жойылатынын әрбір қазақ түсінгені дұрыс болар еді.

БАЙЛЫҚҚА ЖОЛ – ҚАЗАҚЫ БОЛ!

karkynkktem@gmail.com

Көктем ҚАРҚЫН

Қазіргі таңда тіл үйрететін курстар көп. Бірақ қазақ тілін үйрететін курстар жоқтың қасы. «Неге?» деген сұрағымызға көбісі «сұраныс жоқ» деп жауап береді. Дегенмен сұраныстың бар екенін көзімізбен көріп жүрміз. Рухы мықты, тамырынан ажырағысы келмейтін, ұлт болашағына шынымен де жанашыр азаматтар ана тілімен қайта қауышуға асығып жүр. Солардың бірі танымал дизайнер – Аида Қауменова. Жұрт оны орыс тілді деп ойлағанмен, ол өз тілін менсінбейтін кейбір азаматтардан оқ бойы озық шықты. Жақында дизайнер әлеуметтік желіде қазақ тілін үйренгісі келетінін ашық айтты. «Мен осы уақытқа дейін қаншама табысқа жеттім, сән әлеміне өзіндік қолтаңбамды қалдырдым. Қазақтың ұлттық киімдерін тігіп, әлемге танытып жүрсем де, ана тілімді білмегеніме іштей қысыламын. Қайда баратынымды, кімнен қалай үйренетінімді де білмеймін» деді Аида Қауменова.

Иә, қазір ауладағы ойнап жүрген балаларға қарасаң да, қазақ мектебінде оқитын оқушыларды көрсең де бәрі көрші елдің тілінде шұлдірлеп жүр. Өйткені ұрпақ тәрбиелейтін аналарымыз қазақша сөйлемей, қазақ – қазақ болмайды. Аида Қауменованың ынтасына орай үйретем деген ниеттілер де табыла кетті. «Осыдан 8 жыл бұрын тіл туралы телехабарға Аида Қауменова екеуміз қатысыппыз. Менің тіл туралы айтқан сөздерім Аиданың жүрегіне жетіп, сол бағдарламадан су болып терлеп шығыпты. Жақында «Шешендік өнер» мектебінің негізін қалаушы Гүлжайна Айменованың ұйытқысымен тағы да кездесіп қалдық. Сол жерде өткен-кеткенді айтып отырып, Аида қаншама жетістікке жетіп, ұлттық киімдеріміздің брендін әлемге танытса да, қазақша үйрене алмай жүргеніне өзін кінәлі сезінетінін айтты. Мен «Ынтаң болса – үйретеміз. Осы уақытқа дейін небәрі екі сөзімді тыңдап, осындай ой түйгеніңнің өзі қаншалық» дедім. Іштен шыққан жау жаман. Қоғамымызда Аида сияқты өз тілін үйренгісі келіп жүрген жандар көп. Біз соларға Аиданы үлгі ете отырып, тілімізді насихаттамақпыз» деді қоғам қайраткері Оразкүл Асанғазықызы.

«Байлыққа жол – қазақы бол!» шеберлік сабақтары 27 сәуірден 1 мамырға дейін өтеді. Марафон спикерлері – тәжірибелі эксперт мамандар. Бірінші күні тіл жанашыры Оразкүл Асанғазықызы қатысушыларға тіліміздің құндылықтарын түсіндіріп, қатысушылардың тіл үйренуге деген ынтасын оятса, дизайнер Аида Қауменова не үшін қазақ тілін үйренгісі келгенін айтады. Одан кейін «Qaz Orator» одағының төрайымы Гүлжайна Айменова қатысушыларға қазақ тілін меңгерудің тиімді жолдарын үйретеді. Шеберлік сабақта қатысушыларға арнайы тапсырмалар беріліп, кері байланыс та жасалады.

№47 (4171) 24/04/2021 Сенбі

ДҮЙСЕНБІ
26 СӘУІР

QAZAQSTAN

6:00 Әнұран
6:05 «Қазыналы Қазақстан». Деректі фильм.
6:30 «Másele».
7:00 «TAŃSHOLPAN».
10:00 «Асау толқын». Телехикая.
12:00 «Қызық екен...»
13:00 AQPARAT
13:10 «Ахмет Ясауи». Телехикая.
14:00 «ТЕЛЕДӘРІГЕР». Тікелей эфир.
15:00 «Арта». Сараптамалық бағдарлама.
16:00 «Ауылдастар».
16:35 «АЛТЫН БЕСІК».
17:00 AQPARAT
17:20 «ОРАЗА ҚАБЫЛ БОЛСЫН!». Сұхбат. Тікелей эфир
18:00 «АСАУ ТОЛҚЫН». Телехикая.
20:00 AQPARAT
20:35 «ASHYQ ALAŃ». Қоғамдық-саяси ток-шоу. Тікелей эфир.
21:30 «АХМЕТ ЯСАУИ». Телехикая.
22:30 «МАХАББАТ МҰНАРАСЫ». Телехикая.
23:20 «Тәуіп Хо Жун». Телехикая.
0:10 AQPARAT
0:45 «Ashyq alań». Қоғамдық-саяси ток-шоу.
1:35 «Ораза қабыл болсын!». Сұхбат.
2:10 «Теледәрігер»

6:00 «ХабарLine»
7:00 Тұсаукесер! Тікелей эфирде «Таңғы хабар»
10:00 «Әсем әуен»
10:15 Тұсаукесер! «Қолда я жолда»
12:15 Телехикая. «Пәленшеевтер 3»
13:15 Телехикая. «Егіз жүрек»
15:00 «Бүгін». Тікелей эфир
16:00 Тұсаукесер! «Асыл қазына»
17:00 Телесериал. «Тот, кто читает мысли (Менталист)»
18:00 Мегахит. «Я, Алекс Кросс»
20:00 Қорытынды жаңалықтар
20:30 «Баспанаға бағыт». Прямой эфир.
21:00 Итоги дня
21:30 Тұсаукесер! «Қолда я жолда»
23:30 Телехикая. «Егіз жүрек»
1:00 «Әсем әуен»

ASTANA TV

6:00 «Ән мен әзіл» концерттік бағдарламасы
6:30 «Күлдірген» әзіл-сықақ бағдарламасы
7:00 «Үздік әзілдер»
7:30 Союзмультфильм
8:00 М/ф «Маша и медведь»
10:00 «Тұмарым» үнді телехикаясы
11:30 «Қызым» түрік телехикаясы
12:30 «Айдаһарлар шайқасы» корей телехикаясы
14:00 М/ф «Маша и медведь»
14:50 «Интерны» т/сериал
15:30 «Үздік әзілдер»
16:30 «Ханзада Жумонг» корей телехикаясы
18:00 «Ұрланған тағдыр» түрік телехикаясы
20:00 ASTANA TIMES
21:00 «Қызым» түрік телехикаясы
22:00 «Тұмарым» үнді телехикаясы
23:10 «Айдаһарлар шайқасы» корей телехикаясы
0:20 «Қош келдіңіз»
1:10 ASTANA TIMES
2:00 «Біреудің есебінен» деректі драма
2:45 «KazNet» ғаламторға шолу
3:05 «Үздік әзілдер»
3:50 «Алмасай» т/сериал
4:35 «Біздің ауыл»
5:05 «Отбасы»
5:30 «Бірегей»

6:00 «ҒАШЫҚТАР» телехикаясы
6:40 «ТОЙ ЗАКАЗ» бағдарламасы
7:10 «ТОЙ БАЗАР» бағдарламасы
8:00 Телеканал «ДОБРОЕ УТРО» (қаз/рус)
11:00 «ЖИТЬ ЗДОРОВО!»
12:00 «НА САМОМ ДЕЛЕ»
13:00 «ПУСТЬ ГОВОРЯТ»
14:15 «112». Тікелей эфир
14:30 «QOSLIKE» бағдарламасы. Тікелей эфир
18:30 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР»
19:00 «КОНЕЦ НЕВИННОСТИ»
20:00 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ»
20:30 «ПЯТЬ МИНУТ ТИШИНЫ. НОВЫЕ ГОРИЗОНТЫ»
0:30 «СЕВЕРНОЕ СИЯНИЕ. ШОРОХ КРЫЛЬЕВ»
1:20 «СВАДЬБЫ И РАЗВОДЫ»
2:10 «П@УТИНА» бағдарламасы
2:55 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР»
3:25 «ТОЙ БАЗАР» бағдарламасы
4:05 «ТОЙ ЗАКАЗ» бағдарламасы

07.05 «КТК» ҚОРЖЫНЫНАН»
07.30 «МӘССАҒАН»
08.40 «ДАУ-ДАМАЙСЫЗ» (қайталау)
09.10 «ЖИМАУДЫҢ ЖЕТІСТІГІ», телехикая
10.00 «ИНАЯ РЕАЛЬНОСТЬ»
10.40 «ДЕРЖИ МЕНЯ ЗА РУКУ», мелодрама (қайталау)
14.20 «ЛЮБОВЬ ПО ОШИБКЕ», мелодрама (қайталау)
16.20 «ЖИТЬ РАДИ ЛЮБВИ», мелодрама.
18.00 «АМАНАТ». Өзбек телехикаясы.
19.30 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР
20.00 «АСТАРЛЫ АҚИҚАТ», ток-шоу.
21.00 ВЕЧЕРНИЕ НОВОСТИ
21.40 «ХОРОШИЙ ПАРЕНЬ», мелодрама.
23.35 «НЕМЕДЛЕННОЕ РЕАГИРОВАНИЕ», остросюжетный детектив.
01.20 «ЖИТЬ РАДИ ЛЮБВИ», мелодрама (қайталау)
02.05 «АСТАРЛЫ АҚИҚАТ», ток-шоу (қайталау)
02.50 «ТОЙ BESTSTAR»
03.50 «ЖИМАУДЫҢ ЖЕТІСТІГІ», телехикая (қайталау)
04.30-05.00 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР (қайталау)

31

06:00 «Армагеддон» (қаз)
06:50 «Неге?» (қаз) (қайталау)
08:00 КИНО. «Легенда о Коловрате» (қайталау)
11:00 Индийский сериал «Ананди» (қаз)
12:30 Корейский сериал «Өмір-өзен» (қаз) (қайталау)
14:10 «What's Up?» (қаз)
14:30 «Илья Муромец и Соловей Разбойник» (қайталау)
16:30 «Такси»
17:00 «Кел, татуласайық» (қаз)
20:00 Информбюро
21:00 Премьера! Корейский сериал «Повелитель солнца»
22:20 КИНО. «Уличный боец» (қайталау)
00:40 «Кел, татуласайық» (қаз) (қайталау)
04:50 1001 анекдот (қаз)
05:20 Әзіл студио (қаз)

7

06.00 Т/п «Құырдақ»
06.30 Т/п «Айна-online»
07.30 Скетчком Q-елі
08.00 Т/х «Ата-ана. Бала-шаға»
09.00 Т/с «Ящик Пандоры»
13.00 Т/х «Серт пен сезім»
15.00 Т/х «Зың-зың Күлпәш»
16.00 Т/с «Крепостная»
16.45 Премьера! Т/с «Психологини»
18.20 Т/с «Вдова»
19.20 Т/с «Куба»
21.00 Премьера! Т/х «НяняMan»
21.30 Премьера! Т/х «ИзолӘция»
22.00 Премьера! Т/х «Серт пен сезім»
00.00 Т/с «Вдова»
01.10 Т/с «Психологини»
01.30 Т/х «Ата-ана. Бала-шаға»
02.30 Скетчком Q-елі
03.10 Профилактика

НТК

07.00 «Разминка» (қаз/рус)
07.15 Әзіл-күлкі бағдарламасы «Екі езу» (қаз)
07.45 «РЕВЮ» (қаз)
08.10 Телехикая «Бақытсыздар бағы» (қаз)
09.30 «ПУТЕВОДНАЯ ЗВЕЗДА» (анимационный фильм)
11.05 «МАША И МЕДВЕДЬ» (мультсериал)
11.25 «УДИВИТЕЛЬНЫЙ МИР ГАМБОЛА» (мультсериал)
11.50 «СОВОКУПНОСТЬ ЛЖИ» (боевик)
14.30 «БІР БОЛАЙЫҚ» (қаз. тікелей эфир)
18.30 «РЕВЮ» (қаз)
19.00 Телехикая «Ауылдастар» (қаз)
19.30 «ОДНАЖДЫ В РОССИИ»
20.00 «ЧУДО НА ГУДЗОНЕ» (драма)
22.00 «АНТУРАЖ» (комедия)
00.00 Телехикая «Бақытсыздар бағы» (қаз)
01.00 «БІР БОЛАЙЫҚ» (қаз. қайталау)
04.10 - 05.00 Әзіл-күлкі бағдарламасы «Екі езу» (қаз)

СЕЙСЕНБІ
27 СӘУІР

QAZAQSTAN

6:00 Әнұран
6:05 «Қазыналы Қазақстан». Деректі фильм.
6:25 AQPARAT
7:00 «TAŃSHOLPAN».
10:00 «Асау толқын». Телехикая.
12:00 «Қызық екен...»
13:00 AQPARAT
13:10 «Ахмет Ясауи». Телехикая.
14:00 «ТЕЛЕДӘРІГЕР». Тікелей эфир.
15:00 «Жүзден жүйрік».
16:00 «Ауылдастар»
16:35 «ЖАН ЖЫЛУЫ»
17:00 AQPARAT
17:20 «ОРАЗА ҚАБЫЛ БОЛСЫН!». Сұхбат. Тікелей эфир
18:00 «АСАУ ТОЛҚЫН». Телехикая.
20:00 AQPARAT
20:35 «ASHYQ ALAŃ». Қоғамдық-саяси ток-шоу. Тікелей эфир.
21:30 «АХМЕТ ЯСАУИ». Телехикая.
22:30 «МАХАББАТ МҰНАРАСЫ». Телехикая.
23:20 «Тәуіп Хо Жун». Телехикая.
0:15 AQPARAT
0:50 ФУТБОЛ. УЕФА Чемпиондар Лигасы. 1/2 финал. «РЕАЛ МАДРИД» (Испания) – «ЧЕЛСИ» (Англия). Тікелей эфир

6:00 «ХабарLine»
7:00 Тұсаукесер! Тікелей эфирде «Таңғы хабар»
10:00 «Әсем әуен»
10:15 Тұсаукесер! «Қолда я жолда»
12:15 Телехикая. «Пәленшеевтер 3»
13:15 Телехикая. «Егіз жүрек»
15:00 «Бүгін». Тікелей эфир
16:00 Тұсаукесер! «Асыл қазына»
17:00 Телесериал. «Отчий берег»
18:00 Мегахит. «На гребне волны»
20:00 Қорытынды жаңалықтар
20:30 «Баспанаға бағыт». Прямой эфир.
21:00 Итоги дня
21:30 Тұсаукесер! «Қолда я жолда»
23:30 Телехикая. «Егіз жүрек»
1:00 «Әсем әуен»

ASTANA TV

17:00 «Үздік әзілдер»
18:00 «Ұрланған тағдыр» түрік телехикаясы
20:00 ASTANA TIMES
20:55 Loto 5/36. Прямой эфир
21:00 «Қызым» түрік телехикаясы
22:00 «Тұмарым» үнді телехикаясы
23:10 «Айдаһарлар шайқасы» корей телехикаясы
0:20 «Қош келдіңіз»
1:10 ASTANA TIMES
2:00 «Біреудің есебінен» деректі драма
2:45 «KazNet» ғаламторға шолу
3:05 «Үздік әзілдер»
3:50 «Алмасай» т/сериал
4:35 «Біздің ауыл»
5:05 «Отбасы»
5:30 «Бірегей»

НТК

07.00 «Разминка» (қаз/рус)
07.15 Әзіл-күлкі бағдарламасы «Екі езу» (қаз)
07.35 «РЕВЮ» (қаз)
08.00 «Күлкі базар» (қаз)
08.30 Телехикая «Бақытсыздар бағы» (қаз)
09.50 «БЕН 10» (мультсериал)
10.00 «УДИВИТЕЛЬНЫЙ МИР ГАМБОЛА» (мультсериал)
10.10 «МАША И МЕДВЕДЬ» (мультсериал)
10.30 «COMEDY WOMAN»
11.20 «ОДНАЖДЫ В РОССИИ»
12.30 «ЧУДО НА ГУДЗОНЕ» (драма)
14.30 «БІР БОЛАЙЫҚ» (қаз. тікелей эфир)
18.30 «РЕВЮ» (қаз)
19.00 Телехикая «Ауылдастар» (қаз)
19.30 «ОДНАЖДЫ В РОССИИ»
20.00 «ПОХИЩЕНИЕ» (криминальный триллер)
22.00 «ДИТЯ ТЬМЫ» (фильм ужасов)
00.10 Телехикая «Бақытсыздар бағы» (қаз)
01.10 «БІР БОЛАЙЫҚ» (қаз. қайталау)
04.20 - 05.00 Әзіл-күлкі бағдарламасы «Екі езу» (қаз)

СӘРСЕНБІ
28 СӘУІР

QAZAQSTAN

6:00 Әнұран
6:05 «Қазыналы Қазақстан». Деректі фильм.
6:25 AQPARAT
7:00 «TAŃSHOLPAN».
10:00 «Асау толқын». Телехикая.
13:00 «Қызық екен...»
12:50 AQPARAT
12:00 «Ахмет Ясауи». Телехикая.
14:00 «ТЕЛЕДӘРІГЕР». Тікелей эфир.
15:00 «Жарқын жүздесу». Ток-шоу.
16:00 «Ауылдастар».
16:30 «КЕЛБЕТ»
17:00 AQPARAT
17:20 «ОРАЗА ҚАБЫЛ БОЛСЫН!». Сұхбат. Тікелей эфир
18:00 «АСАУ ТОЛҚЫН». Телехикая.
20:00 AQPARAT
20:35 «ASHYQ ALAŃ». Қоғамдық-саяси ток-шоу. Тікелей эфир.
21:30 «АХМЕТ ЯСАУИ». Телехикая.
22:30 «МАХАББАТ МҰНАРАСЫ». Телехикая.
23:20 «Тәуіп Хо Жун». Телехикая.
0:15 AQPARAT
0:50 ФУТБОЛ. УЕФА Чемпиондар Лигасы. 1/2 финал. ПСЖ (Франция) – «МАНЧЕСТЕР СИТИ» (Англия). Тікелей эфир

6:00 «ХабарLine»
7:00 Тұсаукесер! Тікелей эфирде «Таңғы хабар»
10:00 «Әсем әуен»
10:15 Тұсаукесер! «Қолда я жолда»
12:15 Телехикая. «Пәленшеевтер 3»
13:15 Телехикая. «Егіз жүрек»
15:00 «Бүгін». Тікелей эфир
16:00 Тұсаукесер! «Асыл қазына»
17:00 Телесериал. «Отчий берег»
18:00 Мегахит. «Принц»
20:00 Қорытынды жаңалықтар
20:30 «Индустрия»
21:00 Итоги дня
21:30 Тұсаукесер! «Қолда я жолда»
23:30 Телехикая. «Егіз жүрек»
1:00 «Әсем әуен»

ASTANA TV

6:00 «Ән мен әзіл» концерттік бағдарламасы
6:30 «Күлдірген» әзіл-сықақ бағдарламасы
7:00 «Үздік әзілдер»
7:30 Союзмультфильм
8:00 М/ф «Маша и медведь»
10:00 «Тұмарым» үнді телехикаясы
11:30 «Қызым» түрік телехикаясы
12:30 «Айдаһарлар шайқасы» корей телехикаясы
14:00 «Эпоха достижений» документальный фильм
14:15 М/ф «Маша и медведь»
14:50 «Интерны» т/сериал
04:00 1001 анекдот (қаз)
05:00 Әзіл студио (қаз)

7

06.00 Профилактика
17.00 Премьера! Т/с «Психологини»
18.20 Т/с «Вдова»
19.20 Т/с «Куба»
21.00 Премьера! Т/х «НяняMan»
21.30 Премьера! Т/х «ИзолӘция»
22.00 Премьера! Т/х «Серт пен сезім»
00.00 Т/с «Вдова»
01.10 Т/с «Крепостная»
02.10 Т/с «Психологини»
03.10 Т/х «Ата-ана. Бала-шаға»
04.00 Скетчком Q-елі
04.30 Т/п «Айна-online»
05.10 Т/х «Жеңіп көр»

НТК

07.00 «Разминка» (қаз/рус)
07.15 Әзіл-күлкі бағдарламасы «Екі езу» (қаз)
07.35 «РЕВЮ» (қаз)
08.00 «Күлкі базар» (қаз)
08.30 Телехикая «Бақытсыздар бағы» (қаз)
09.50 «БЕН 10» (мультсериал)
10.00 «УДИВИТЕЛЬНЫЙ МИР ГАМБОЛА» (мультсериал)
10.10 «МАША И МЕДВЕДЬ» (мультсериал)
10.30 «COMEDY WOMAN»
11.20 «ОДНАЖДЫ В РОССИИ»
12.25 «ПОХИЩЕНИЕ» (триллер)
14.30 «БІР БОЛАЙЫҚ» (қаз. тікелей эфир)
18.30 «РЕВЮ» (қаз)
19.00 Телехикая «Ауылдастар» (қаз)
19.30 «ОДНАЖДЫ В РОССИИ»
20.00 «ДИКИЙ» (криминальная драма)
22.00 «НЕСНОСНЫЕ БОССЫ 2» (комедия)
00.00 Телехикая «Бақытсыздар бағы» (қаз)
01.00 «БІР БОЛАЙЫҚ» (қаз. қайталау)
04.10 - 05.00 Әзіл-күлкі бағдарламасы «Екі езу» (қаз)

15:30 «Үздік әзілдер»
16:30 «Ханзада Жумонг» корей телехикаясы
18:00 «Ұрланған тағдыр» түрік телехикаясы
20:00 ASTANA TIMES
20:55 Loto 6/49. Прямой эфир
21:00 «Қызым» түрік телехикаясы
22:00 «Тұмарым» үнді телехикаясы
